

МӘСЕЛЕ

Соңғы бірнеше айда халық жиі тұтынатын тауарлардың бағасы қымбаттаған. Күзгі жиындар мен қысқа даярлық науқаны кезінде жанар-жағармай бағасы да шарықтап шыға келді. Алты ай қыс бойы көмір жағатын солтүстік өңірлерде көмірдің бір тоннасы 18-20 мыңға дейін жеткен. Ал бензиннің қымбаттағанын айтпағанда, жанармайдың өзі тапшы. Үкіметтің бұл аптадағы отырысы осы бағынбай кеткен баға мәселесін талқылау болды.

(Жалғасы 3-бетте)



АПАТ

ТАҒЫ ДА ҰШАҚ ҚҰЛАДЫ



Соңғы уақыттары әуе апаты жиілеп кетті. Биылдың өзінде осымен 4 ұшақ құлады. Осы аптаның басында Алматы маңында АН-28 ұшағы апатқа ұшырады. 5 адам қаза тапты. Оның үшеуі – борт қызметкері, екеуі – дәрігер. Марқұм болған Талғат Патсаев пен Жәнібек Артықбаев сырқат жандарды өлімнен арашалап жүрген тәжірибелі дәрігерлер еді.

3 қазанда Алматыдан Шымкентке ұшқан АН-28 ұшағы көкке көтерілген соң, 12 минуттан кейін радардан жоғалып кетті. Біраз уақыттан кейін Алматы маңындағы Междуреченск ауылының жанында жанып жатқан жерінен табылды. Санитарлық авиация ұшағы Шымкентте жансақтау бөлімінде жатқан жүкті әйелге көмек көрсету үшін жолға шыққан екен.

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

САУАТТЫ ҚОҒАМ АДАСПАЙДЫ



Алматыда соңғы екі айда 400-ге жуық жат ағымның жетегінде кеткен азамат тіркелсе, соның тең жартысы тура жолға түсіпті. Бұл туралы газетіміздің Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасымен бірлесе өткізген «Жас қазақ» конференциясында белгілі болды.

(Жалғасы 5-бетте)

БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent) 56,22



RUB 5,45

DOLLAR 343.61

EURO 404.26

COM 5.01

АЛТЫН (ун.) 1280,90

ҚАЗАҚША «БИЗНЕС»



(Хикеттің толық нұсқасын 3-беттен көре аласыздар)

3

«ОТАҢҒА АДАЛДЫҚ КЕРЕК»

ТАЛАП ОҚУШЫҒА ДА ОРТАҚ

4

СЫМСЫЗ ҚҰАТТАЙДЫ

6

«ТІЛІМІЗДІ ҰМЫТПАЙ, ҰЛЫҚТАЙЫҚ!»

8

on the web
JASQAZAQ.KZ

БИЛІК



ҮМІТ ШЫРАҒЫ

Осы аптада Елбасы сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановты қабылдады. Министр мемлекет басшысына еліміздің халықаралық ұйымдардағы қызметі туралы баяндап, бірқатар жаһандық деңгейдегі іс-шараларды өткізу қорытындысы жөнінде есеп берді.

Сыртқы істер министрі Елбасына БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-сессиясына қатысуының нәтижелері жөнінде баяндап, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде төрағалық етуіміздің негізгі басымдықтары туралы айтып берді. Сондай-ақ еліміздің Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіндегі ынтымақтастығының басым бағыттарына тоқталды. Ұйымға мүше елдердің барлығы Нұрсұлтан Назарбаевтың Сириядағы қактығысты реттеуге бағытталған бітімгерлік бастамасына оң баға бергенін жеткізді. Биыл Астанада өткен ғылым және технологиялар жөніндегі Ислам ынтымақтастығы ұйымы саммитінің нәтижесін осы ұйымға мүше елдердің сыртқы істер министрлері жоғары бағалайтынын да тілге тиек етті. «Нұрсұлтан

Әбішұлы, өзіңіздің тапсырмаңызбен БҰҰ Бас Ассамблеясының жоғарғы деңгейдегі дебаттарына қатыстым. Бұл бізге халықаралық аренадағы бастамаларыңызды көрсетуге тағы да бір мүмкіндік берді. Сонымен қатар осы БҰҰ Бас Ассамблеясының шеңберінде бірнеше іс-шара өткізілді. Оның арасында мен Ислам ынтымақтастық ұйымының министрлер деңгейіндегі кездесуіне қатысып, осы өзіңіздің бастамаңызбен Астанада өткен саммиттің қорытындыларына назар аудардым», — деді Қ.Әбдірахманов.

Елбасы министрден еліміздің төрағалығымызбен өтетін Қауіпсіздік Кеңесіне дайындық барысын сұрады. Сыртқы істер министрінің айтуынша, Қауіпсіздік Кеңесі келер жылдың қантар айында өтеді. Оған қазір дайындық жұмысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Кездесу қорытындысы бойынша мемлекет басшысы бірқатар тапсырма берді.

Еске сала кетейік, өткен аптада сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахманов Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының жалпы дебатында сөз сөйлеген еді. Онда министр негізгі жаһандық мәселелер бойынша еліміздің ұстанымын айтты. БҰҰ-ның бітімгершілігі

«БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстанның бастамасы бойынша Ядролық қарудан азат әлем құру туралы жалпыға ортақ декларация қабылдады. Қазақстан 25 жыл бұрын әлемде алғашқы болып Семей ядролық сынақ полигонын біржолата жапты. Бұл – әзірше әлемдік тәжірибедегі алғашқы және бірден-бір оқиға»

Нұрсұлтан Назарбаев,
Қазақстан Президенті
Манифест. «Әлем. XXI ғасыр»

бойынша қызметін нығайту және жетілдіру ісіне толығымен қолдайтынын жеткізді. Сондай-ақ БҰҰ Бас хатшысының жанжалдың алдын алу мен бейбітшілікті қолдауға негізделген бітімгершілік бойынша жана көзқарасы бітімгершілік операцияның тиімділігі мен есептілігін жоғарылатады деп есептейді. Министр «Біріккен Ұлттар Ұйымы неғұрлым жақсы, қауіпсіз әрі тұрақты өмір сүру үшін үміт асыратын әмбебап институт. Бүкіл әлем бойынша миллиардтаған адам үшін үміт шырағы болып қалады» — деді.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

1,3

млн. Елімізде 10 сотық жер телімін алу үшін кезекте тұрған адам саны

99

мың пәтер «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында беріледі

11

мың. Елімізде мемлекет меншігіндегі осыныша аурухана ғимаратының тозығы жеткен

Жаңа жоба

Жаңа технология – ел болашағы. Кеше Astana Digital Forum-ның ашылу салтанатында ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев цифрландырудың кейбір артықшылығы жайында баяндады.

Д.Абаев «Ел экономикасын цифрландырудың ауқымы кен. Айыппұлды екі сағатта емес, төрт-ақ рет басу арқылы рәсімдейтін болады. Бүгінде ондай жоба бар. Адам өзінің жеке сәйкестендіру нөмірін көрсетеді де, айыппұлдың электронды хаттамасы бірінші базаға жіберіледі. Сәби дүниеге келгенде оның кай балабақшаға, кай мектепке баратыны бірден анықталады. Мемлекет жәрдемақысы, балабақша кезегі – бәрі де әп-сәтте жасалады. Тіпті перзентханадан шықпай-ақ, баланың аты-жөнін sms-пен жіберіп, жеке құжатын рәсімдеуге

ҒАЛАМАТ ҒАЛАМТОР ҒАСЫРЫ




болады. Алдағы уақытта осындай қызмет енгізіледі», — деді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2021 жылға дейін 2 млн адамды кең жолақты интернетпен қамту жоспарланған. Министрдің айтуынша, болашақта сапалы ғаламторды пайдалану жағынан қала мен ауылдың деңгейі тең болуы керек. Олай болмаған жағдайда, барлығы бірдей электрондық қызметтерді пайдалана алмайды.

7 сөз Атырауда көпбалалы ана 31 жыл құжатсыз жүрген

- 27 шілде 2017 жыл. Панфилов ауданы (Алматы облысы) ЯК12. 2 адам қаза тапты.
- 10 тамыз 2017 жыл. Қарасай ауданы (Алматы облысы) «Технам 2002». Екі адам қаза тапты. Ұшақ Азаматтық авиация академиясына тиесілі.
- 25 тамыз 2017 жыл. Балқаш ауданы (Алматы облысы) МАУЛЕ М-7-260С. Бір адам қаза болып, тағы бір адам ауыр жарақат алды.
- 3 қазан 2017 жыл. Іле ауданы (Алматы облысы) АН-28. 5 адам қаза тапты.

(Жыл басынан бері орын алған ұшақ апаттарының хронологиясы)



Апат

Талғат МҰСАБАЕВ,
Сенат депутаты:

«Менің ойымша, елімізде әуе сапары қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылайтын бірыңғай мемлекеттік мекеме құру керек. Ол авиацияның барлық түріндегі әуе техниканың, ұшқыш құрамын, диспетчерлік ұжымның, инженерлік құрамның жағдайын тексеру бойынша бақылаушы қызметті іске асыра алады. Кеңестік кезеңде саладағы барлық қызметтердің өзара іс-қимылы болғандықтан, ұшақ апаты жиі қайталанбайтын. Ал осындай апаттың жиілеуі көңіл көншітпейтін жағдай».

Әлеумет.т⁰



Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніміздің құр жаңғырыққа айналуы оп-онай» деп атап көрсетті.

Біздің батыр бабаларымыз аумағы жөнінен әлемде тоғызыншы орынды алатын, о шеті мен бұ шетіне құлан жортқанда тұяғы тозатын, қыран ұшқанда қанаты талатын ұлан-ғайыр жердің шебін ғасырлар бойы қанын

қауіпсіздікті қорғаушы шекарашыларымызды дархан далаға қалқан болған батыр бабалардың ұлы рухында, Мәңгілік елдің мақсат-мұратында тәрбиелеуге үлес қосады.

Екіншіден, ел тарихында ерекше орын алар тұлғалардың атын мәңгі қалдыруға қызмет етеді.

Үшіншіден, Елбасы рухани жаңғырудың «Туған жер» бағдарламасы аясында ұсынғандай, бұл «есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері» арқылы жас

БАТЫРЛАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК

төксе де, арын төкпестен, жанқиярлықпен қорғады! Бейбіт заманда Ұлы даламыздың шебін қорғаушы жауынгер-шекарашылар да сол батыр бабаларымыздың бүгінгі буыны болып есептеледі.

Бүгінде 5 мемлекетпен шектесетін және жалпы ұзындығы 15 мың шақырымға жуық шекарамызда 300-дей шекара заставасы құрылған. Осы заставаларға сан тараптан сұқтанған жат жұртқа атамекеннің қарыс қаламын да ұстатпай, ұрпағына толық мирас еткен батыр бабаларымыздың атын берсек, орынды болар еді.

Мұның ұлағатты үлгісі де бар. 2017 жылдың 3 сәуірінде қабылданған №157-ші үкімет қаулысына сәйкес, Өзбекстанмен арамыздағы шекарадағы Қызылорда шекара отрядының 2019-шы

ескери бөлімінің «Қызылқұм» шекара заставасына Жанқожа батырдың атымен жайқа аталды. Осының алдында, 2014 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданында өткен, Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 240 жылдығына арналған республикалық ауқымдағы іс-шара барысында Қызылқұмдағы шекара бекетіне батырдың есімін беру бастамасын көтерген болатынын. Бұл бастама жүзеге асты және бұл еліміздің шекара қызметі құрамындағы оныңшы атаулы застана болып отыр.

Бұл біріншіден, ел шебі мен ұлттық

ұрпақтың туған жер тарихын тануына ықпал жасайды.

Төртіншіден, батыр бабалар атымен аталған шекаралық заставалар – өзге мемлекет азаматтарына Қазақстанды өз тарихын және ер ұлдарын ұлықтайтын, ұмытпайтын, солардың биік рухымен рухтанатын өр әрі өркенді ел ретінде көрсетіп тұрады.

Бесіншіден, бұл меценаттарды шекаралық заставаларға көмек көрсетіп, қамқорлық жасауға жол ашады. Өйткені шекарашылар өз қызметі үшін қажеттінің барлығымен қамтамасыз етілгенімен, шекаралық заставалардың көбі кеңес заманында тұрғызылған және материалдық-техникалық базасы тоза бастаған.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, енді Бөгенбай, Қабанбай, Қарасай, Наурызбай, Ер Жөнбек, Райымбек, Жалантөс Баһадүр және басқа да батырғыдан бергіге дейінгі батырларымыздың есімін еліміздің әр өңіріндегі шекара заставаларына беру мәселесі қарастырылса.

Еліміздің ежелгі және кейінгі тарихындағы ұлы тұлғаларды ұлықтау ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған маңызды қадамға айналары анық.

Бақытбек
СМАҒҰЛ,
Мәжіліс депутаты



Сөз-Жебе

Ирина
СМИРНОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Еліміздегі 1523 ауылда орта білім беру мектебі болмағандықтан, балалар көршілес елді мекендерге барып оқуға мәжбүр. Бүгінде 30 мыңнан астам бала осылай білім алып жүр. Мәселен, Алматы облысындағы Іргелі ауылының балалары тұрақты автобус бағдарының жоқтығынан, Кемертоған елді мекеніндегі жаңа мектепке қатынауы қиындаған. Ақмола облысы Қосшы ауылының балалары үйлерінен мектепке дейін 6 шақырым жаяу жүруге мәжбүр. Жалпы оқушының еш кедергісіз мектепке баруын ауыл әкімдіктері қамтамасыз етуі тиіс. Бірінші кезекте тұрақты көлік болуы керек. Атап айтқанда, көлік талапқа сай болып, қауіпсіздік тұрғысында автобуспен тасымалданатын балалардың саны отыратын орыннан аспауы қажет»



Ақжолтай

ӘР ШАРШЫ МЕТРІ – 100 ТЕҢГЕ

Халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобы тұрғын үйдің бір шаршы метрін 100 теңгеге жалға ала алады. Бұл туралы инвестициялар және даму министрлігі құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов мәлімдеді.

«Нұрлы жер» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша ағымдағы жылы әкімдіктерге 25 млрд теңге бөлініп, 6 мыңға жуық пәтердің құрылысы басталды. Комитет

төрағасының айтуынша, оның жартысы осы жылы тапсырылатын болады. Жалдамалы тұрғын үймен бірінші кезекте тұрғын үй сатып алуға мүмкіндігі жоқ әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар қамтамасыз етіледі. М.Жайымбетов «Оларға мемлекет жалдамалы пәтерлер береді. Бұл тегін тұрғын үйлер, бірақ оларды сатып алу құқығы жоқ. 1 шаршы метрін жалға алу акысы 100 теңге тұрады. Мысалы, 50 шаршы метрді құрайтын екі бөлмелі пәтерді ай сайын жалға алу акысы 5 мыңнан кем болмайды», — деп түсіндірді.



Жас қазақ: Рүстем Есімханұлы, Сіз елімізде әскери саланы жақсы білетін маманның бірісіз. Оқырман қауымға Қазақстан Қарулы Күштері қалай және қандай мақсатта құрылғаны туралы айтып берсеңіз. Оның бүгінгі қауқары қандай?

Рүстем Қайдаров: Қазіргі таңда Қазақстан Қарулы Күштері заманға сай, уақыт талабына жауап береді. Естеріңізде болса, 1992 жылы 7 мамыр күні Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Мемлекет басшысы сол уақытта қорғаныс министрі етіп Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағанбетовті тағайындады. Жалпы қандай мемлекет болсын, өзінің арнайы әскері болуы керек. Бұл сыртқы қауіп-қатерге төтеп беру үшін, еліміздің тыныштығы үшін қажет. Сонда ғана алдыға жылжисың. Мәселен, соңғы мәліметтерге сенсек, елімізге келген инвестиция көлемі 250 миллиард доллардан асыпты. 1995 жылдан бері отандастарымыздың табысы 40 еседей өсті. Тұрғындар әл-ауқатының артуы өмір

Рүстем ҚАЙДАРОВ:



ОТАНҒА АДАЛДЫҚ КЕРЕК

жасының ұзақтығын 67-ден 72 жасқа дейін ұзартуға мүмкіндік берді. Бала туу 60 пайызға артты. Сонымен қатар әскеріміздің жағдайы тоқсаншы жылдармен салыстырғанда анағұрлым жақсарған. Оны мен 30 жылдан бері күш құрылымында қызмет атқарып жүрген азамат ретінде нық сеніммен айтамын. Әскери киім үлгісі жақсарып, қорғаныс әлеуеті күшейді. Жауынгерлер жана үлгідегі қару-жараппен қаруланған. «Кадеск» әскери-техника көрмесінде, әскери шерулерде мұнымен жіті танысуға және көз жеткізуге болады.

Жас қазақ: Алтай мен Атыраудың арасын жалғап жатқан кең-байтақ жеріміз бар. Бүгінгі әскеріміздің осынша байлықты қорғауға әлеуеті жете ме?

Рүстем Қайдаров: Ең бастысы, бүгінгі таңда қауіпті деп саналатын лаңкестік ұйым, басқа да қылмыстық топтарға жауап беретін, төтеп беретін әскеріміз бар. Оның үстіне, біздің елге бүгінгі таңда қырғи-қабақ танытып отырған ешкім жоқ. Керісінше, Қытай, Ресей, АҚШ сынды державалар біздің берекеміздің бұзылмауына ықылас білдіріп отыр. Сондай-ақ ТМД елдерімен және Шанхай ынтымақтастық ұйымымен қорған саласы бойынша келісім жасалған. Армия сыртқы қауіпке төтеп беру үшін жасакталады. Ішкі шиеленіске араласа бермейді. Ішкі қауіп-қатерге тойтарыс беру мәселесімен ішкі істер министрлігі мен басқа да арнайы бөлімшелер айналысады. Ал біздің әскердің елімізді кез келген сыртқы қауіп-қатерден қорғауға шамасы жетеді. Тіпті біздің армия ТМД елдері ішіндегі ең үздігі болып табылады. Офицерлер мен әскери қызметкерлердің кәсіби тұрғыда дайындығы

да жоғары. Біз ешқандай әскери блокка кірмейміз. Елімізді, жерімізді, байлығымызды қорғауға бағытталған бейбітшілік саясатын ұстанамыз. Ол үшін мемлекетіміз әскерге барынша қаржы бөліп, қолдау көрсетуде. Әскери техниканың барлығы жаңартылды. Қарулы Күштердің қарқынын, елімізде өткізіліп жатқан әскери шерулерден де көруге болады. Құрлықтағы әскердің барлық қару-жарағынан іс жүзінде оқ атылатынын өз көзімізбен көрдік. Шеру барысында

халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, тәжірибе алмасуға септігін тигізеді.

Жас қазақ: Сіз әрдайым сұхбаттарыңызда өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін оятып, Отанға деген құрметін арттыру керек деп айтасыз. Өзіңіз жетекшілік ететін «Генералдар кеңесі» осыған қатысты қандай қызмет атқаруда?


Рүстем Қайдаров: «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің қызмет аясы кең. Жоғары оқу орындарының студенттері, оқушылар, әскери мектепте оқитын балалармен жұмыс істейміз. Соңғы жылдары ерлік жасаған батырларымызды үлгі ету арқылы жастардың патриоттық сезімін оятуды қолға алдық. Мәселен, 2015 жылдың соңына таман «Генералдар кеңесі» Мәскеу қаласының Тағзым тауында орналасқан Екінші дүниежүзілік соғысына арналған Орталық мемлекеттік музейге Кеңес Одағының екі мәрте батыры, авиация генерал-майоры Талғат Бигелдиновтің мүсінін қойдық. Мұндай игі бастамалар батырларымызға құрмет көрсету ғана емес, жастарымызға әскери-патриоттық тәрбие беруге оң ықпалын тигізеді. Жастар осындай

өкілі. Әскердегі тәлімгерлердің міндеті — барлығын бірдей елжанды азамат етіп тәрбиелеу. Отан алдындағы міндетін атқару барысында да, әскерден кейін де патриот



Әскери жаттығу кезінде (Отар)

етіп тәрбиелеген жөн. Жастардың барлығы әскерге патриот болып келеді деген сөз емес, алайда барлығын бірдей етіп тәрбиелегеніміз жөн. Бүгінгі компьютер заманының жастары арасында білімді, сауаттылары көп. Байқасаңыз, Тәуелсіздік алған жылдарда туылған ұлдар бүгінде 26 жастан асса, ол кезде



Орталық мемлекеттік музей (Мәскеу)

10 жаста болғандар бүгінде 35-тен асқан ер-азаматтар. Бұлар — өз Отанын қорғап, еліне еңбек сіңіретін жастар. Сондықтан елін, жерін, мемлекетін, ауылын сүюді үйрету керек. Көбінде ауыл балаларының әскерге құлшынысы жоғары болады. Әскер қатарына шақырылған жастардың мемлекетін жан-жақты білу үшін арнайы өңірлерге аттандыру керек. Оңтүстіктерілерді солтүстікке, алматылықтар Қостанайдың салт-дәстүрін көріп, таныссын деген ниетте. Өйткені Алматының тумасы қала манайындағы әскери орында борышын өтесе, оған апта сайын ата-анасы, туған-туысы тамағын көтеріп барып тұрады. Онда әскерде жүрді деп айту қисынға келмейді. Себебі әлпештегенге үйренген азамат, патриоттық рухты сезінбейді.

Мен әскерде 3 жыл міндетімді атқардым. Сонда халықтың жауынгерлерге көңілі ерекше еді. Мысалы, демалысқа шыққанымызда, кез келген үйге барып, есігін қақсаң, құрметпен қарсы алатын. Танымайтын адам болса да, дастарханын жасап, асты-үстімізге түсіп бөйке болушы еді. Кешкілікте Мәдениет үйіне немесе саябаққа барғанда қыздар келіп, біге шақыратын. Кеңес үкіметінде әскерге бармағандарды денсаулығында кінәрат бар деп қабылдайтын. Ал барғандары дені сау, қуатты, нағыз ер деген ұғым қалыптасқан.

Жас қазақ: Өзіңізге белгілі, жақында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. Мұнда жастарымыздың санасым рухани тұрғыда жаңғырту мәселесі де басты назарға алынған. Ол үшін сіз бен біз қандай амалдар жасауымыз қажет?

Рүстем Қайдаров: Әскерде тәрбие сағаттары мен «Мемлекеттік құқықтық дайындық» сабақтары өтіп тұрады. Шақырған жерден қалмай, біз де жауынгерлермен жиі кездесуге тырасамыз. Сол жерде өмір көрген аға буын өкілі ретінде мемлекеттің тарапынан жасалып жатқан игі істерді түсіндіруге тырасамыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев — дана басшы,

Ұлт көшбасшысы. Ертенгі күнді болжап, бүгінге әрекет етуімізді қалады. Ол үшін алдағыны ойлап, үлкен ой сілкінісі керек. Мақаланы бас-аяғына дейін оқып шықтым, тындыратын жұмыс көп. Соны барлығымыз қоғам болып атқарғанымыз жөн. Біз бүгін елжанды азаматтарды дайындасак, ертен елдің көшін осылар сүйрейтіні анық.

Жас қазақ: Сіздің әскери салада сіңірген еңбегіңіз толағай. Өз тәжірибеніңден ел қорға азаматтарға ең басты қай қағидалы ұсынар еліңіз? Нағыз өз қызметіне, ұлтына берілген әскер қандай болу керек?

Рүстем Қайдаров: Ең бірінші Отанға деген адалдық пен сүйіспеншілік болуы керек. Өзінің жаксы маманы болған аздық

етеді. Онымен қоса, алдыда кездесетін қиындықтарды жеңетін жігер, төзімділік қажет. Мұның барлығы елге деген үлкен сүйіспеншіліктен бастау алады. Жас азамат елі үшін қызмет атқару жолына түсті ме, осыны білгені жөн.

Сіздің қойған сауалдарыңыз қоғамдағы көкейкесті мәселелерді қозғайды. Әскерге және әскери-патриоттық тақырыпқа басылым тарапынан көңіл бөлгендеріңіз үшін қоғамдық бірлестік атынан үлкен алғысымызды білдіреміз.

Жас қазақ: Сізге де көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Мәселе

(Басы 1-бетте)

Жиында ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша еліміздегі инфляция деңгейі жөнінде сөз берді. Оның айтуынша, азық-түлік бағасы жыл басынан бері 3,1 пайызға, азық-түлікке жатпайтын тауардың бағасы 5,5 пайызға және ақыл қызмет бағасы 4,3 пайызға өскен. Министрдің мәліметтеріне сүйенсек, қымбатшылық барлық саланы қамтитын түрі бар. Негізінен баға өсімі жыл сайын қайталанып отырады. Соңғы бірнеше жыл қатарынан үздіксіз бағасы көтеріліп, бақылауға ырық бермей келе жатқан тауар — жанар-жағармай. Ал жанармай бағасының өсуі барлық тауар мен нарықтағы орташа баға әсер ететіндігі түсінікті. Ұлттық экономика министрі «Дизель отыны, бензин, сұйытылған газ, мата, кенсе тауарлары мен аяқ киім, қатты отын бағасының барынша өскені байқалады. Ақыл қызметтің ішінде тарату желілері бойынша тасымалданатын газ, көріз жүйесі, кокыс жинау тарифтері инфляцияның бекітілген аралығынан асты», — деді өз сөзінде.

Халықты алаңдатып отырған да осы жанармай бағасы. Ал оның қайта арзандауы мүмкін емес сияқты. Себебі осы салаға жауапты энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың аузынан шыққан деректер соны білдіреді. Министрдің сөзін тыңдасаңыз, бәрі дұрыс сияқты. Өткен жылғымен салыстырғанда, автобензин өндіру 103,6 пайызды құрап отыр. Алайда елімізге импортталатын бензиннің үлесі 15-тен 30 пайызға дейін өсіп кеткен. Не себептен? Жылдағы қалыптасқан «дәстүр» бойынша, бір мұнай өңдеу зауыты жөндеу жұмысына тұрыпты. Ал

әлгі импорт бензиннің бағасы қымбат. Қ.Бозымбаевтың дерегіне оралсақ, ол: «Біз 170 мың тонна бензин өндіреміз. Ал импорт көлемі 120 мың тоннаға жетеді, яғни 40 пайызды құрайды деп жоспарланып отыр. Қараша айында АИ-92 бензинінің импорт үлесін 30 пайызға, желтоқсан айында 20 пайызға азайтуды жоспарлап отырмыз. Ал қараша-желтоқсан айларында жағдай тұрақталып, қазан айының соңында өз қалпына келеді деп ойлаймыз», — деді.

БАҒА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

Бензиннің арзандауын халық қана емес, үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев та күтіп отыр екен. «Сіз қазір қараша-желтоқсанда импорт көлемін 20 пайызға төмендетеміз деліңіз. Солай ғой? Ал баға төмендей ме?», —

деп сұрады үкімет басшысы еліміздің энергетика министрінен.

Қ.Бозымбаев «Баға кемінде тұрақтанатын болады», — деп жауап қатты. Үкімет басшысы да қайтпады. Анықтап алғысы келетін сияқты. «Импорт азаятын болса, баға да төмендеуі қажет қой», — деп нақтылады. Бозымбаев оған да нақты жауап бере алмады. Министрдің сөзінен түсінгеніміз, баға Ресейден келетін бензин құнына байланысты көрінеді. Ақыры үкімет

басшысы Б.Сағынтаев бұл мәселені «монополияға қарсы қызметтер ахуалға мониторинг жүргізісін» деп ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменовке тапсырды. Ал ол жақтың бақылауына бағынатын баға бола ма, жоқ па, оны уақытында көре жатармыз.

Отандастарымызды алаңдатып отырған тауардың тағы бір түрі — көмір. Биыл әуелі қыс түспей жатып, көмір бағасы шарықтап кетті. Астанада 1 тонна көмір 18 мыңнан 20 мыңға дейін жетті. Көмір тасымалдаушылардың айтуына қарағанда, кен орындарында көмір алуға барған көліктер ұзын-сонар кезекке тұрып, кептеліс пайда болған. Көліктерге көмір тиіп үлгермей жатыр. Неге бұлай аяқ астынан сұраныс артып кетті? Тағы да осы

салаға жауапты энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың деректеріне көз салайықшы. Министр «Көмір өндіру көлемі 74 млн тоннаға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 116 пайызды құрап отыр. Көмір бағасы сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасады.


Атап өтсек, разрез немесе шахтада сатылатын көмір тоннасының бағасы 2-5 мың теңге аралығында құбылады. Тұтынушыға жеткенге дейін көмір бағасының өсуіне теміржол тарифі мен жеткізуші ұйымдардың маржасы ықпал етеді. Қазір тұтынушылар көмірдің тоннасын 10-15 мың теңгеге сатып алып жатыр», — дейді. Егер оның дерегіне сүйенсек, барлық мәселе тасымалдаушылардан болып отыр. Олар сонда тоннасын 2 мыңнан 5 мың теңге аралығында алған көмірді ірі қалаларға 18-20 мыңға дейінгі бағада тасымалдайды. Мұны ретке келтіретін ешқандай бақылаушы мекеменің жоқтығына таң қаласын. Ауадан ақша жасап жүрген делдалдардың бұл «пысықтығына» ешкімнің бас қатырмағаны өкінішті-ақ.

Үкімет отырысында елдегі 9 ай ішіндегі инфляция деңгейінен жан-жақты мәлімет берілді. Бірақ көтеріліп жатқан бағаны тұрақтандыру жолында атқарылып жатқан жұмыс

жөнінде көңілге қонымды дерек тындай алмадық. Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов жылдың басынан бері өңірлерде бағаның қалай құбылғанын тізіп шықты. Оның айтуына қарағанда, бірнеше аймақ баға өсіру жарысында топты жарып, алда келеді. Олар — Атырау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласы.

Нарық қатынастары заңына сәйкес, әлемдік айналымдағы тауарлар құнын тұрақтандырып ұстауға кез келген мемлекеттің құзыреті жете бермейді. Өйтсе де, өзімізде өндірілетін жанармай мен көмірдің сектен тыс қымбаттауы, Бақытжан Сағынтаев айтқандай, ешқандай жұмыстың атқарылауынан болар. Сонда кінәні кімнен іздейміз? Дегенмен халық үшін кінәліні әшкерелеу маңызды емес. Қарапайым жұрт үшін жайлы тұрмыс пен берекелі орта маңызды.

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ,
Астана





E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Ынтымақ

ДИНАРАЛЫҚ ДИАЛОГ

Дүниеге деген тойымсыздық белең алып, қоғам қатыгездене бастаған қазіргі кезеңде діннің

адамгершіл-гуманистік құндылықтары шұғыл көмекке келу керек. 2009 жылы өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезінде Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тұрақты өзін-өзі рухани жетілдіру қажеттігі екінші орынға ысырылды. Дүниені материалдық құндылықтар — ақша, ашқарактық пен табыс жолындағы есалаң бәсеке билеп-төстеп алғанына көпшілік көз жұмып қарайтын болды», — деп мәселені деп басып айтқан еді.

Рас, қазір адам абыройы материалдық жетістікпен өлшенетін болды. Адам өмірінің мәні осында ма? Бұл сұраққа Абайша жауап берген абзал: «Пайда ойлама, ар ойла...».

Барлық кезеңде ізгіліктің уағыздаушылары — дін көшбасшылары болған. Дәл осынау сындарлы сәттерде дін қызметкерлерінің белсенділігі қажет-ақ. Президент бұл жерде тағы да қырағылық танытты. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу бастамасын көтерді. Игі идеядан туған халықаралық тарихи шара — өзгеріс пен күйзеліске толы XXI ғасырдағы діни шетін мәселелерге қатысты парасатты пікір айта алатын әлемнің беделді дін қайраткерлерін Астанаға топтастырды. 2003 жылы бастау алған форум әлемдік аренада қуатты дінаралық институтқа айналды. Тіршілігінде бірлік пен бейбітшілікті түткен Қазақ елі өзінің жаңа Елордасы — Астананы — дінаралық диалогтың, рухани келісім мен татулықтың қаласы екендігін дүйім жұртқа тағы да танымал етті.

Елбасы әлемде діни көзқарастар қайшылығы күн санап күрделеніп бара жатқанын жауапкершілікпен сезініп, түрлі дін өкілдерінің бір үстел басында қоғамға қауіп төндірген мәселе төңірегінде пікір алмасуға мүмкіндік туғызды. Съезде айтылған ұсыныс пен бастамалар БҰҰ деңгейінде талқыланды. Берекелі басқосудың нәтижесінде Қазақстанның бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-сессиясында 2010 жылды Халықаралық мәдениеттер жақындасуының жылы деп жариялау туралы қарар қабылданды.

БҰҰ дегеннен шығады, 2012 жылдың 30-31 мамырында өткен съезде Израилдің Бас сефард раввині Шломо Амардың Қазақстан Президентіне қарата тебіреніспен айтқан мына сөзі еске түсіп отыр: «Ойлаңыздаршы, дүниежүзіндегі ұлттар Біріккен Ұлттар Ұйымын құрды. Ал Нұрсұлтан Назарбаев барлық діндердің Біріккен Ұлттар Ұйымын құрды. Бұл бастаманың арқасында осы жерде түрлі дін өкілдері бас қосып, бір-бірімен ашық та шынайы әңгіме құрып, бір-бірін тыңдап отыр. Бұл — бүкіл әлемде жасалып отырған ұлы құбылыс. Мұндай ауқымда әлі ештеңе жасалған емес».

Қазір еліміздің дінаралық диалогына әлемдік қауымдастық қызығушылық танытуда. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2003 жылы 23-24 қыркүйекте өткен съезге Еуропа, Азия, Африка мен Таяу Шығыстың 13 елінен 17 діни ұйымның өкілдері қатысса, соңғы V съезге (2015 жыл, 10-11 маусым) 41 мемлекеттен 63 делегация келді. Жалпы шетелден келген қонақтар саны 200-ден асты.

Адамзат баласы XXI ғасырдың ең озық технологиялық жетістік пен игілігіне қол жеткізгенмен, ұлттық, нәсілдік және діни көзқарастар қайшылығынан туындаған алауыздықтардан зардап шегуде. Өкініштісі, алауыздықтың соңы қантөгіспен аяқталуда. Ешқандай ел экстремизм мен терроризмнен құтылған емес. Мұны мойындауға мәжбүрміз.

2015 жылы V съезде сөз алған БҰҰ-ның сол кездегі Бас хатшысы Пан Ги Мунның: «Бүгінде қауымдардың арасына өзара түсіністік пен ынтымақтастық көпірін салудан маңызды іс жоқ», — деп кесіп айтуында үлкен мән жатыр.

Халық даналығында: «Халықтарды бір-бірінен бөлетін теңіз емес, نادандық пен тілдердің бөлектігі де емес, араздық қана», — деген нақыл бар. Бір сөзбен айтқанда, съезд мақсаты — сонау Адам аталан таралатын адамзат баласын бейберекетке емес — бейбітшілікке, бөлінуге емес — бірігуге, алауыздыққа емес — адамгершілікке үндеу. Дін көшбасшыларының осынау ортақ мақсатпен Астанада басқосуы — Елбасы идеясының өміршендігі, съездің басты жетістігі деп атар едік.

Айрықша атап өтер жағдай, біз, мұсылман елі үшін Ислам лаңкестікке қарсы дін екенін куәлі халыққа айта беруде осы халықаралық форум үлкен мінбер бола алады.

Н.Назарбаев қыркүйек айында Астанада өткен Ислам ынтымақтастығы ұйымының ғылым және технологиялар жөніндегі бірінші саммитінде де асыл дініміздің жанашыры ретінде әлемдегі мұсылмандардың қазіргі жағдайына алаңдаушылық білдірді. Осы саммиттегі сөзінде: «Экстремистік және террористік ұйымдар әрекетінен бірінші кезекте мұсылман әлемі зардап шегуде. Исламофобиялық пікір қоғам ішінде кең таралуда. Батыс елдеріндегі мұсылмандарға қарсы қылмыстық әрекет жыл сайын көбейіп келеді», — деп күрметті. Мьянмадағы мұсылмандардың қасіретті жағдайын БҰҰ аясында бейбіт жолмен реттеу қажеттігін айтты. Сондай-ақ 1,5 миллиардтан

астам адамды біріктіретін Ислам әлеміндегі ауызбірліктің болмай жатқанын да ашына сөз етті. Мемлекет басшысының мұсылман елдерінің G20 секілді жеке форумын құруды ұсынуы — үмбеттің мерейін үстем етіп, әлеуетін көтерулен туған ізгі идея деп едік.

АТОМНАН АЗАТ

Бейбітшілік... Тілдің ұшымен айтуға оңай сөз. Алайда бейбіт қоғам құру қиын шаруа. Бүлік... Мағынасына үнілсең, жүректі тітіркендіретін тіркес. Бірақ пиғылы бұзық біреу үшін бүлдіру түк емес. Қиянат жасау — қазаққа тән мінез емес. Оған қарт тарих куә. Қазыбек билің сөзімен бейнелесек — «ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз».

Әлемдік

Сананы тұрмыс билей бастаған бүгінгі күнде қайырымдылық, имандылық, мейірімділік, ізгілік сынды адамзат баласына ортақ құндылықтар екінші сатыға түсе бастады. Құлшылықтан бұрын тіршіліктің ұайымы басым бол барады. Біреуге көмектесу, мұқтажды демеп жіберу, жабыққанға мейірімділік таныту секілді сауапты істерде: «Бұл маған қаншалықты пайдалы, ол маған не бере алады, бұл іс маған тиімді ме?» — деген пенделік сауалдар ойға оралатын болды. Санадағы «сауап емес пе?» деген түсінікті «тиімді-тиімсіз», «пайдалы-пайдасыз» деген ұғымдар билеп-төстеуде.

«Әлем. XXI ғасыр» манифесінде әлем лидерлеріне: «Қазірге кезегі бірле-бір соғыста жеңімпаз болмайды және бола да алмайды. Онда бәрі жеңіледі. Бұл бүкіл адамзаттың қырылуына алып келеді. Осыған кімнің жауап беретінін анықтаудың өзі де кеш болады. Жауап беретін адам да табылмайды. Осы ықтимал қауіп-қатерді қазіргі ұлттық лидерлер мен саясаткерлер барлығы аксиома ретінде түсінуге тиіс», — деп кеңесін беріп, төрелігін айтып, бұл шетін мәселеде кеш қалмауға шақырды.

Рас, XXI ғасырда әлемге тыныштық керек. Өйткені, бұл — шетін

мәселе! Н.Назарбаев қауіп еткеннен айтып отыр. Манифест өскелен ұрпақтың тағдырына шынайы алаңдаушылықтан жазылды. Мұндайда халқымыз: «Көпті көргеннен сұра», — демей ме?!

Әлем тарихында өзіндік орны бар көрнекті тұлға Махатма Гандидің: «Дүниені өзгерту үшін алдымен өзіміз өзгеруіміз қажет», — деген сөзі бар. Қазір елімізге қарап, әлем өзгеруде. Семей полигоны жабылғаннан кейін Қытайдағы Лобнор, АҚШ-тың Невада штатындағы ядролық сынақ алаңы жабылды. Бұған қоса, Ұлыбритания мен Францияның ядролық сынақ жүргізуді түбегейлі тоқтатқанын айта кету керек.

Қазақ елінің адамзат баласына алапат қауіп төндіретін қаруды емес — қалыпты өмірді таңдауы — бейбіт күнді сүйетіндігін тағы да айқындай түсті. Жер бетінде «ақырзаман» орнататын атомнан бас тарту — Елбасының парасатты шешімі болды.

« — Бақыт, қайда барасын? — Соғысқа құмар ойы жоқ, Ұлан-асыр тойы көп, Бейбіт елге барамын». Қаблбаса жыраудың осы жыры — қазақтың бақытты өмір сүруінің бір сыры.

АРААҒАЙЫНДЫҚ АМАЛ

Қазылық жасау, мәселенің төрелігін айту, тараптарды татуластыру, даулы мәселелерді оңтайлы шешу, екі жақты мәмілеге келтіру ісіндегі араағайындық дәстүр — халқымызда ежелден қалыптасқан дала заңдарының бірі. Бұл қызметті билер, қазылар, ел ақсақалдары, дін ғұламалары атқарған. Қазір де кейбір ауылдарда осы игі дәстүр сақталған.

Елбасының сот ісін жүргізуде бітімгерлік рәсімдерді қолдану, атап айтқанда, медиация институтын дамыту туралы пәрмені — халқымыздың бағзы заманнан келе жатқан араағайындық жасау салтын жаңғыртудан туған бастама деп білеміз. Халқымыздың бұл дәстүрі халықаралық дәрежеде өзінің өміршендігін дәлелдеді. Әлемдік қауымдастық қазақтың мәмілегер, бейбітсүйгіш бітімгер ұлт екеніне тағы көз жеткізді. 2015 жылдың қарашасында Түркия мен Ресей дипломатиясына сына қағылғанда Нұрсұлтан Назарбаев қазақы салттан жаңылмай, бірден араағайындық жасауға кірісті.

Түрік ағайынның әуе кеңістігін бұзған ресейлік Су-24 бомбалаушы ұшақтың атып түсірілуінен басталған кикілжің екі жаққа да оңайға соққан жоқ. Екі елдің визалық режимі алынып тасталды, бизнес тұралап қалды, ең қиыны халық зардап шекті.

Ресейдің империялық сес көрсетіп: «Түркия бізден кешірім сұрасын, ұшақтың құнын төлесін», — деп қасқайып тұрып алғаны мәселені одан шайын ушықтырып, шиеленістіре түсті. «Досты өзін таңдайсың, ал көршіні Құдай қосалды», — деген тәмсіл бар. Түркия — бауырлас, ағайын ел. Ал Ресей — көршіміз әрі стратегиялық серіктестік. Осы кезде Елбасына «өгізді де өлтіріп алмай, арбаны да сындырмай», күрделі мәселенің күрмеуін шешу жауапкершілігі жүктелді. Мемлекет басшысының мәмілегерлік қасиеті, ақсақалдық ақылы мен парасатты қадамы екі елді татуластыруға сеп болды.

Екі жақ ымыраға келген соң Р.Ердуан Н.Назарбаевқа арнайы телефон шалып, Түркия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты қалыпқа келтіруге ықпал еткені үшін зор алғысын білдірді. Түбі бір туыс елдің басшысы ресми кездесуде Елбасына ризыс шынайы алғысын жеткізді. Осыдан кейін түріктің «Milliyet», «Önce Vatan» атты басылымдары «Бұл тұлға іске араласты: Ердуан мен Путин сөйлесті», «Сізге шексіз алғыс, қадірлі Н.Назарбаев», «Ол Ердуан мен Путинді татуластырды», «Түркия мен Ресей арасындағы сепді бұзды» деген тақырыптарда ауқымды мақалалар жариялады.

Елбасының Украина мен Ресей, Армения мен Әзірбайжан арасында жылы қарым-қатынастың қайта орнауына ықпал еткені белгілі. Ал Сириядағы күрделі жағдайды реттеуге арналған Қазақстанның араағайындық әрекеті — Астана процесі әлем назарын өзіне аудартты. Бұл бастама кезінде Ислам әлеміне талай тұлғалар мен ғұламаларды сыйлаған қасиет қонған Шам өлкесіндегі шиеленісті тоқтатуға жол ашты. Мүдделі тараптарды, қарулы оппозиция өкілдері мен билікті ымыра мен ынтымаққа үндеген келелі кездесулер араағайындық салтымыздың классикалық үлгісін әлемге паш етті. Бір емес, бірнеше рет өткен халықаралық кездесулер Қазақ елінің мұсылман әлеміндегі дағдарысқа бей-жай қарай алмайтындығын дәлелдеді.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Алланың соңғы елшісі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) мұсылмандық қоғам құруда ең әуелі адамдарды бауырластырып, өзара таласқан тайпаларды татуластыру ізгі ісін қолға алуында үлкен ғибабат бар. «Адамдармен жақсы мәміле жасау — көрегендіктің көрінісі», — депті ғұламалар. Мәмілегер, көреген ұлттың көсегесі көгере бермек. Алла ұзағынан сүйіндірсин!

Арабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы баспасөз бөлімінің меңгерушісі, Астана қаласы

Түйткіл

Хиджаб, орамал, кимешек мәселесі күні бүгінге дейін дәл мұндай дөңгөйде дау тудырып көрген емес. Жаңа оқу

жылы басталғалы бері, мектеп біткенді дүрліктірген жағдай, әсіресе еліміздің батыс өңірлерінде өршіп тұр. Орамамен сабаққа кіре алмай тұрған оқушылар туралы көй желі қолданушылары, әріптестеріміз бар, жерден жеті қоян тапқандай етіп жазып жатқан мәселенің астарына үңілсек, көптеген жайттарға қанығуға болады.

ТАЛАП ОҚУШЫҒА ДА ОРТАҚ

Мәселен, Атырау мектептеріндегі орамал мәселесі негізінен балиғат жасына толмаған қыз балалар арасында өршіп тұр. Бұл жағдайды сарапшылар дін атын жамылған жат ағымдардың насихатымен байланыстырады. Сарапшылардың пікірінше,



жат ағымда жүргендердің дені негізінен 16-35 жас аралығындағылар болса, олардың балалары әлі бой жете қойған жоқ. Ал шариғаттың балиғат жасына толмаған қыз балаларға орамалды парыз ретінде міндеттемейтіні түсінікті жайт.

Күні кеше ғана ушыққан осы мәселеге қатысты Атыраудың Өңірлік коммуникациялар қызметінде баспасөз мәслихаты өтті. Сол мәжілісте Атырау облысы дін істері басқармасының басшысы Қайролла Көшқалиев былайғы кезде ашық айтыла бермейтін әңгіменің шетін шығарды. Ол «Жақында орталық мешітте болған кездесуде жамағат арасынан бір жігіт «Біз қазір орамалды жеңсек, ертен міндетті түрде пәндер мәселесін қозғаймыз» дегенді айтып қалды. Яғни бұл жерде енді балаларын кей сабаққа қатыстырмау туралы мәселе қойылып отыр. Сонда



олардың мақсаты — мемлекеттің ішінен мемлекет құру болып тұр. Егер біз бүгін бұл мәселені жіберіп алсақ, ертең одан да күрделісіне кез болуымыз мүмкін» делі.

Бұл аз десеніз, сол баспасөз мәслихатында Атырау облысы білім беру басқармасының басшысы Нұрсәуле Сайлауова мектеп партасындағы қыз балалардың орамал тағуы өз алдына, сабақ кезінде Әнұранға қосылудан, гимн орындалып жатқан кезде тік тұрып, тиісті құрмет көрсетумен безінетін, сурет салу мен дене шынықтыру сабағына қатысудан «қарам» деп үзілді-кесілді бас тартатын, яғни «бөлекше» ойлайтын оқушылар санының көбейгенін айтты.

Бір жағынан мектеп формасын сақтаудан бас тартқан оқушылардың барлығы бірдей өз қалауымен жүр деп те айта алмаймыз. Себебі ата-анасының мәжбүрлеуімен ғана орамал тағып жүрген қыз балалар да бар. Бұл сөзімізге деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсететін «Шапағат» және ақпараттық-талдау орталығы мамандары жүргізген сауалнамаға «орамал таққым келмейді, бірақ ата-анам таққызып отыр» деп жазып қалдырған оқушылар жауабы дәлел бола алады.

Сонда бұл нені көрсетеді? Орамал діни көзқарас қайшылығының жай құралы ғана ма? Әлде, дінді

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ершат ОҢҒАРОВ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының бөлім басшысы:

Бас мүфти Ержан қажы Мағажыұлының бастамасымен, орамалға байланысты бірнеше мәрте діни басқарманың ұстанымы жария етілді. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы әйел адамның орамал тағуы парыз екендігін мәлімдеді. Әрі балиғат жасына жетпеген қыз балалардың хиджаб киюінің дұрыс емес екендігіне дәлел де көлтірілді. Кімнің түсіне де байланысты түсінік берілді. Елімізде қалыптасқан салт-дәстүр бойынша, әйел адамды жинақы, ықшам бойып тұратын ұлттық киімімізге сәйкес келетін ақ және ақшыл түсті киінуге шақырды. Мектеп жасындағы балалардың формасына байланысты төртіпке түсіністікпен қарап, келісімге келіп, өзара ақылдасып шешуге үндеді.

пайдаланып, қоғамды бөлшектеу ме? Үй ішінен үй тігуге жол бермеу үшін, мемлекет нақты қадамдарға барып жатыр. Ендігі жерде мектеп формасын сақтамаған оқушының ата-анасы өкімшілік жауапкершілікке тартылып, он аялық есептік көрсеткіш, яғни 22 мың 690 теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттеледі. Осы жағдайға түсінік берген Атырау облысы білім саласын бақылау департаментінің бөлім басшысы Аманбай Хұсеновтың айтуынша, бір жылдың ішінде кодекс талабын ескіні рет бұзған оқушының ата-анасына айыппұлдың көлемін сот шешімімен екі есеге дейін өсіруге де мүмкіндік бар. Қазіргі таңда Атырау қаласындағы Ы.Алтынсарин, Т.Амандосов және №1, 8, 10 мектептерде білім алатын оқушылардың ата-анасына айыппұл салуға қатысты бес материал қаралып жатыр...

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

«Жас қазақтың» конференциясы

(Басы 1-бетте)

Жиынға қатысқан «Шаңырақ» діни мәселелер бойынша алдын алу, кеңес беру және оңалту орталығының жетекшісі Мерхат Мадияров адасқандардың басым бөлігі өзге ұлт өкілдері деп отыр. Сондай-ақ «Жас қазақтың» дәстүрлі түрде өткізілетін бұл жолғы конференциясына Алматы қаласының бас имамы Нұрбек Есмағанбет, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Бауыржан Әбдуәлі мен Медет Құрсақов, ғаламтормен жұмыс бөлімінің меңгерушісі Мұрат Әбдіхалық қатысты.

бірдей қабылдай берді. Терезені ашқанда таза ауамен

Жас қазақ: Ислам адамгершілік, ғылым, өркениет, бірлік пен бейбітшіліктің діні деп жатады. Бірақ соңғы уақыттары сан түрлі жат ағымның жетегінде кетіп, бөлініп, бүлініп жүргендерді де жоққа шығара алмайсың. Бұл қоғамда әбден түйіні тарқамаған өзекті мәселеге айналып отыр. Жалпы осы діни сенімге бөліну қалай басталды? Қайдан шықты?

Бауыржан Әбдуәлі: Қазіргі таңда ең өзекті мәселенің бірі — осы жат ағымның ішіндегі

бірге шаң кірген сияқты, бабаларымыздың дұрыс дәстүрі мен дініне ілесіп әртүрлі ағымдарда еніп кірді. Бұған сыртқы күштің де әсері болды. Өйткені халықтың бірлігін жою үшін әртүрлі бүлік салу керек еді. Ал халықты бөлу үшін, олар дінді керемет құрал ретінде пайдаланды. Бүгінде жастарымызды түрлі ағым жетегіне алып, санасын ұлап, өзіне тартып жатқанын ескермесек, кейін кеш болады. Мұны мемлекеттік деңгейде алдын алуымыз



САУАТТЫ ҚОҒАМ АДАСПАЙДЫ

сәләфилік бағыт. Сәләфизмге тоқталар болсақ, араб тіліндегі «сәләф» сөзінен шығып, «бұрынғылар», «әуелгілер», «өткендер» деген мағыналарды білдіреді. Исламдық танымда «сәләф-солих» термині әзіреті Мұхаммед пайғамбардың заманынан бастап өмір сүрген алғашқы үш буын — сахабалар, табиғиндер және атбаға-табиғиндерге берілген атау. Сәләф-солихиннің жолын жалғастырушы әһли-сунна уәл-жамағат, яғни фикһта ханафи, малики, шафиғи, ханбали мәзһабтары, ақидада матуриди мен әшғари сенім мектебінің өкілдері болып есептеледі. Ал бүгінгі таңдағы «сәләфилік» ілімінің теориялық негізін салған ғалым Ибн Тәймия. Әркілік әрекетпен дәстүрге қарсы келіп, тартысты мәселеге айналдырып, тәсіп тартып, бет сипау деген төрт мәзһаб билерінің жолын ұстанып, біздің мәзһабтарды мойындамау сияқты өздерінің кереғар әрекетін жүзеге асыруда.

Жас қазақ: Тәкфиршілер туралы не айтасыз?

Бауыржан Әбдуәлі:Тәкфиршілердің өзі уахабилік бағыттағы адамдардың негізгі әдебиеттерін оқып, шейхтарын тыңдап, түрлі теріс әрекетке барушылар болып табылады. Мысырдағы Шүкри мырзаның тәкфир жамағаты шыққан болса, қазіргі таңда сәләфилік бағыттағы адамдар әдебиеттерін оқып, сол ғұламаларды тыңдап тәкфирлік бағытқа кетіп жатыр.

Жас қазақ: Елімізде қай ағымның жетегінде жүргендер көп?

Бауыржан Әбдуәлі: Сәләфизмді бағыттың ішінде мәтхализм, тәкфиризм дегендердің барлығының айтатыны, оқитыны бір. Бірақ ұстанымы әртүрлі. Бірі басшыға бойсынамыз,

Мерхат МАДИЯРОВ:

«Алматы үлкен мегаполис болғандықтан, көбісі осында тығылады. Өйткені, мұнда адамдар құмға сіңген су сияқты. Ешкімнің ешкімде шаруасы жоқ. Белгілі мерзімге байланысты кейде көбейіп, кейде азайып та тұрады. Сол үшін де сыртқы, ішкі миграцияны да бақылау керек»

бірі мойынсұнбаймыз, зайырлы қоғамды көпір мемлекеті деп өзара ішінен бөлініп жатқандар.

Жас қазақ: Әрине, қандастарымыздың басқа дін, басқа ағымда, бағытта жүргені жанға батады. Бүгінгі күннің ең өзекті, ауыр мәселесі. Біз осы тұста қай жерден кателік жібердік?

Нұрбек Есмағанбет: 90-жылдардың басында, бізде дінге толық рұқсат берілді. Сол кезде отандастарымыз дінмен қауышқанына ерекше құанды. Дін деген осы екен деп барлығын

Алматы қаласындағы мешіттердің арнайы whatsapp желісінде 55 топ құрылды. Бұл өткен айдағы соңғы нәтижеміз. Имамдарымыз жастардың жанынан табылып, жұмыла жұмыс жасаудың арқасында нәтиже шығаруға болады. Кез келген сұрағына сол сәтте дұрыс жауап алуға мол мүмкіндік жасауға тырысып отырмыз. Бұдан бөлек, тек қана уағыз насихатпен шектелмей, қайырымдылық жұмысына, спорттық, мәдени шараға да қатыстырып отырамыз.

Жас қазақ: Сіздерге жастар тарапынан көбінесе қандай сұрақ қойылады? Не қызықтырады? Оларға дер уақытында жауап беріле ме?

Нұрбек Есмағанбет: Әрқайсысының деңгейіне байланысты. Намазға қатысты қояды. Тіпті сәләфи бағытын ұстанатын жігіттермен бірге араласатын болса, негізгі сұрақ соған қатысты болады. Мысалы, «Менің досым құдай көкте делі, сіз бұған не дейсіз?» — дейді. Біз оған егжей-тегжейлі барлығын түсіндіріп береміз. Өзіміздің қатарымызға теріс жолдан қайтарып жатқан жағдайымыз бар. Имамдарымыздың жемісті жұмысының нәтижесінде өткен айдың өзінде 6 адам толықтай сәләфтан қайтты. Бұған қоса, 4 адам табиғи жамағат дейді. Ол елімізде тыйым салынған радикалдық топ деп заң шешімі де шыққан. Оның өзін әлі ұстанатындар бар. Біз олармен де жұмыс жасаймыз. Кателігін өзіне көрсетіп, соның нәтижесінде төртеуінің көзін аштық. Бұл біздің бір айдағы жемісіміз.

Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ:

«Қазіргі таңда әнші де, ақын да, құрылысшы да уағызшыға айналуда. Тіпті тойға барсаң, шариғатты тізіп береді. Міне, осыған тыйым салу керек сияқты. Өйткені Құран Кәрімде «Білмегенді білім иелерінен сұраңдар» деген. Сонда ғана ел шатаспайды»

Жас қазақ: Көбінесе қай жас аралығындағылар жат ағымның жетегінде кетіп жатады?

Нұрбек Есмағанбет: 20-40 жас арасындағы азаматтар. Кейбірін жылап жүріп, әрең



www.jasqazaq.kz

ДІН

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Жас қазақ: Мерхат аға, «Шаңырақ» орталығы туралы газетімізде («Сеніміне сәуле түсті» — №33) осыған дейін жазғанбыз. Оқырман қауымға тағы бір мәрте жұмысыңыз туралы айтып өтсеніз. Кімдермен жұмыс істейсіздер? Жат ағымның жетегінде кеткендерді қалай дұрыс жолға түсіресіздер?

Мерхат Мадияров: Бұл тек орталықтың ғана жұмысы емес. Алматы қалалық дін істері басқармасы, мешіт қызметкерлері, жергілікті полиция қызметкерлері, арнаулы мекемелер барлығы біріге қызмет атқарады. Алдыңғы аптада дін істері және азаматтық қоғам министрінің бір сөзі біздің whatsapp-тағы топқа келді. Ондағы мәліметке



сөйкес, Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облысында жат ағымның жетегінде кеткендер азайыпты. Бұл орталықтың ғана емес, жалпы бірлесіп жұмыс істеген мекемелердің жетістігі. Жұмыс тобына Нұр Мұбарак университетінен 6 теолог, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен, сол сияқты жан-жақтан жиналған мамандар кіреді. Арасында психолог та, зангер де бар. Бірақ негізгі күш діни мамандар мен теологқа түседі. Бізге 18-30 жас аралығындағылар көптеп келеді. Сақат қойған. Жаттағаны бір пара. Қандай кітап оқисың? — деп сұрасаң, «құран» деп жауап береді. Бізде тест сұрақтары бар. Жан-жақты қойылады. Байқап отырсақ, олардың басым бөлігі сауатсыз. Мамандығын сұрасақ, көбісі құрылыс, саудамен айналысатындар. Олар келіп алып, тоқтамастан, халис жайында бізге әңгіме айтады. Сосын мамандығын есіне саламыз. «Алдыңда ұстаздар отыр, соларды тыңда» — десек, «жоқ мен өзіміздің азаматтар бар, соларды ғана тыңдаймын» — деп жауап қатады. Биыл 16 маусымда түрмеге бардым. Бір қарындасымыз отыр. Діни кері ағымда уағыз таратқаны үшін 5 жылға сотталған. Екі баласы сыртта қалды. Күйеуі 25 жыл алып кеткен. Оны да тыңдап келіп, ұстазың кім десек, бесеудің біреуін атайды. Біздің орталыққа соңғы екі айдың ішінде 355-400 адам келіпті. Соның жартысынан көбі оң жолға түсті.

Жас қазақ: Жаңа бір сөзіңізде жат ағымға түскендер бұрынғыға қарағанда азайып қалды деп айттыңыз. Оған не себеп? Оларды оң бағытқа түсіруде қандай әдіс тиімді болды?



қайтарамыз. Жанадан бастағандарды дұрыс жолға түсіру жеңілдеу болады. Оларды бірден тіркеп отырамыз. Сондай-ақ атқарған жұмыстың нәтижесіне көз жеткізгеннен кейін ғана «осы азамат толықтай райынан қайтты» — деген соңғы сөзімізді айтамыз. Ал оған дейін сол кісімен толықтай жұмыс жасалынады. 2016 жылғы жұмысымызда 125 адамның түзелгенін айтқан болатынбыз. Ал 47 адаммен сол уақыттан бері жұмыс жасап келеміз. Нәтижесінде айына 5-10 адам түзу жолға түседі.

Жас қазақ: Оларды сіздер қалай анықтайсыздар? Мешітке келген адамның басқа дінде, басқа бағытта жүргенін жалпы қалай білуге болады?

Нұрбек Есмағанбет: Жат ағымдармен мемлекеттік деңгейде күресеміз, алдын аламыз деп жатырмыз. Ол үшін соны түзейтін біздің өзіміз сауатты болуымыз керек. Оның қандай ағымда ұстанатындығы, қандай деңгейде екенін онымен жұмыс жасайтындар жақсы білуі шарт. Сондықтан да 2015 жылдан бастап, Алматы қалалық дін істері басқармасымен бірігіп,

біраз шаруа атқардық. Солардың қолдауымен «Шаңырақ» діни мәселелер бойынша алдын алу, кеңес беру және оңалту орталығы ашылды. Бұл тек қана қажеттіліктен емес, көптеген жұмыстың нәтижесі арқасында құрылды. Басшылыққа қандай азамат келу керек дегенде діни сауаты бар, ерінбей қызмет жасайтын, түрлі мекемемен бірлесіп қызмет жасайтын қызметкер таңдалып алынуы қажет. Бүгінде бұл жұмыстың нәтижелі болғандығын жоққа шығару мүмкін емес.

«Әмин» сөзін мешіттерде дауыстап айтпайтын болды. Тағы бірде сұрақ қойғанымызда қырсықтанып жауап беріп жатады. «Мешітте іштен, ал үйде айқайлап тұрып айтамын» деп жауап беретіндері де бар. Бұлардың діни сауаты өте төмен. Бізге сырттан келгендер көп. Арасында тәжіктері басым. Олардың білімі таяз болғандықтан, тез адасып жатады. 99 пайызы құдайды аспанда дейді. Алматы үлкен мегаполис болғандықтан, көбісі осында тығылады. Өйткені, мұнда адамдар құмға сіңген су сияқты. Ешкімнің ешкімде шаруасы жоқ. Белгілі мерзімге байланысты кейде көбейіп, кейде азайып та тұрады. Сол үшін де сыртқы, ішкі миграцияны да бақылау керек.

Жас қазақ: Жат ағымға кеткендер орыс тілділер деп жатады. Жұма намазына барғанда уағыз екі тілде де айтыла ма? Жалпы, оларға жақсының жақсы, жаманның жаман екені түсінікті етіп жеткізіле ме?

Нұрбек Есмағанбет: Орыс тілінде уағыз айттып, орысша дәріс беретін Алматы қаласынан бірнеше мешітті бекіткенбіз. Қазақ тілін түсінбейтіндерге жағдай қарастырылған. Орталық мешіттің өзінде арнайы орыс тілді жамағатқа арналған уағыз, дәрісіміз жүреді. Бұдан бөлек, бірнеше сайтымыз орыс тілінде жұмыс істейді. Бүгінде орыс тілді жамағатты да толықтай қамтамасыз ете аламыз деп айта аламыз.

Жас қазақ: Жалпы жат ағымдағылар көбінде интернет арқылы дәріс алып жатады. Оны шетелдің арғы бетінде отырған теріс пиғыллылар сәтті пайдаланды. Сіздердің интернеттегі жұмысыңызды қалай бағалауға болады? Жалпы ғаламтор арқылы сұрақ қойса, жауабын бірден ала ма?

Мұрат Әбдіхалық: Діни басқарманың ғаламтор насихаты бөлімі ата дінімізді, дәстүрлі дінді жұртқа жеткізуде ғаламтор ресурстарын барынша игеруді көздейді. Бөлім 3 бағытта қызмет атқарады. Біріншісі, сайт пен порталдар. Екіншісі, әлеуметтік желі мен мессенджерлер. Үшінші бағыт — қосымшалар. Бізде діни басқармаға қарасты 20-дан астам сайт бар. 5 сайтымыз Қазнетте үздік 50-ліктің қатарына кіреді. Бұл біздің атқарып жатқан қызметіміздің деңгейін, бағасын көрсетсе керек.

Жас қазақ: Жат ағымдағылар әлеуметтік желінің қай түрін белсенді түрде пайдаланады?

Мұрат Әбдіхалық: Нақты «Мынаған ғана кіреді» — деп айта алмаймыз. Өйткені олар барлығын пайдаланады. Facebook, «ВКонтакте» желісінде де барлығынан байқап жатамыз. Соңғы кездері мемлекет тарапынан жат ағым өкілдерінің сайттарын құрықтау шаралары жүзеге асқандықтан, олар басқа да құлықтарға көшіп жатыр. Өздерінің уағыз, видео, кітаптарын «Облако» жүйесіне жүктеп қояды. Бір-бірімен сілтемесін бөлісіп отырады. Жат ағым өкілдері де сыртқа барып шетелдерде оқып, діни білім алып келді. Олар елге келген соң діни басқарма құрылымында ұстаз, имам болған жоқ. Алған білімімен елді тарту керек болғасын, басқа амалы қалмады. Сөйтіп, олар ғаламтор арқылы әрекетке көшіп, өзіне интернетті «мешіт пен медресе» етті. Интернетте олардың насихатын өте көп болатын. Осыдан 5 жыл бұрын олардың уағзынан көз аша алмайтынбыз. Ал бүгінде Аллаға шүкір, отандастарымыздың 70-80 пайызы біздің дәстүрлі дініміз бен уағыз-насихатымызды тыңдап жүр деп айтуға болады. Бүгінде ғаламторда діни кез келген мәселені іздегеніміз, тек біздің ұстаздарымыз бен имамдарымыздың уағыздары мен дәрістері шыға келеді.

Жас қазақ: Жуырда Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі «Діни білім алу үшін шетелге барудың қажет жоқ» — деп еді. Бұған қатысты сіздер не айтасыздар?

Нұрбек Есмағанбет: Түбегейлі тыйым салу қате. Елімізден білім алып, бұғанасы бекітілген бала сияқты дінімізді меңгергеннен соң, жоғары білімді шетелден алуға болады. Министрдің сөзінде де толықтай тыйым салу емес, Қазақстан Діни басқармасының рұқсатымен ғана шетелге оқуға шығуға болады делінген. Әлемде түрлі мойындауға тұратын діни оқу орындары бар. Міне, солардан сауатын ашар болса, бізге де пайдасын тигізеді еді. Бір ұсыныс айтқым келіп отыр осы жерде. Қазіргі таңда әнші де, ақын да, құрылысшы да уағызшыға айналууда. Тіпті тойға барсаң, шариғатты тізіп береді. Міне, осыған тыйым салу керек сияқты. Өйткені Құран Кәрімде «Білмегенді білім иелерінен сұраңдар» деген. Сонда ғана ел шатаспайды, адаспайды.

Дайындаған
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Өндіріс

АРНАЙЫ ЖАБЫНЫ БАР БОЛАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Мұнай-газ секторы мен мұнай-химия кешендерінің жабдыктары өндірісіне маманданған зауыт, соңғы жылдары жаңғыртуға бағытталған бірнеше кезенді сәтті өткерді. Бүгінде көптеген бірегей өлшемдері бойынша, зауыт ел ішінде баламасы жоқ соңғы технологиялық кәсіпорын болып табылады. Бір ғана материалдарды алып қарайтын болсақ, зауыт мамандары жабдықтың жоғары сенімділігін қамтамасыз ететін арнайы жабыны бар болатпен жұмыс істейді. Мұнай-газ өнеркәсібіне қажетті қондырғылардың сан алуан түрін жасап шығаратын зауыт бірнеше жылдан бері мұнай-химия кешендерін қажетті қондырғылармен жабдықтап келеді. Осылайша, Атырау машина жасау зауыты мұнай қондырғыларын құрастырушы шетелдік әріптестерін еліміздің ішкі нарығынан ығыстыра бастады.

Өндіріс саласына өзіндік ерекшелігімен еніп отырған Атырау машина жасау зауытының басты мақтаншының бірі — автоматты дәнекерлеу қондырғысы. Оның артықшылығы ешқандай от ұшқынынсыз, түгінсіз және ең бастысы қол күшінсіз сапалы да, желде жұмыс атқаруында болып отыр.



«**Машина жасау өндірісінде тоқсан жылдық тарихы бар кәсіпорын бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау қаласында XX ғасырдың басында тұрғызылды. Кейін «Ембімұнай» тресінің жанында шеберхана түрінде жұмыс істеген кешен 2000 жылдың 25 мамырында «Атырау машина жасау зауыты» ЖШС болып құрылды. Бүгінде «ТеңізШеврОйл», «Жігермұнайсервис», «ПетроҚазақстан», «Сазанқұрақ», «ҚаражанбасМұнай», «ҚазТрансОйл» мұнай компаниялары кәсіпорынның тұрақты тапсырыс берушілері болып табылады.**

«Мәселен, ТШО компаниясы мұнай-газ секторы өндірісіне қажетті жабдыктарды бізден сатып алып отыр. Әрине, тапсырыс беруші компанияның талаптары да жоғары болады. Олар бұған дейін Германия, Бельгия тасымалдаушыларына қандай талап қойса, бізге де сол талапты қойып отыр. Әлемдік нарықта екі түрлі стандарт ұғымы болмайды. Біз де халықаралық стандарттарға толық жауап беретін өнімдер шығарып, сатып отырмыз. Басты ерекшелігіміз — тапсырыс берушілерге тауар жеткізуде мемлекеттік шекараны кесіп өтпейтіндігімізде», — дейді Атырау машина жасау зауытының бас директоры Сағат Түгелбаев.

Еуропалық, американдық әріптестерімен тең дәрежеде бәсекелестікке түсіп келе жатқан кәсіпорынның өндірісті ұлғайтуды қолға алуының өзіндік себебі де бар. Бүгінде еліміздің батыс өңірінде 400-ден астам мұнай-газ өндіруші компания жұмыс істеуде. Олардың барлығы да қажет қондырғыны алыстан емес, Атыраудан алуға мүдделі. Демек, Атырау машина жасау зауытының өндірістік қуаты қаншалықты ұлғая түссе, отандық мұнай компанияларының да экономикалық жағдайы соншалықты жақсара бермек.

Сергей КРИВОРУЧКО,
Атырау машина жасау зауыты директорының орынбасары:

РОБОТТАНДЫРЫЛҒАН КЕШЕНДЕР ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Зауыттың басым бағыттарының бірі — өндірістік процестерді автоматтандыру. Осы бағытта роботтандырылған кешендер және автоматты дәнекерлеу аппараттары іске қосылды. Нәтижесінде еңбек өнімділігін арттыруға жол ашылды. Ал үш фазалы сепараторда жалатпалы қабаттың болуы — күкіртті сутегінің химиялық әсерінен қорғауды қамтамасыз етеді.

ЕРЕКШЕ КӘСІПОРЫН

немесе АТЫРАУ МАШИНА ЖАСАУ ЗАУЫТЫ ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕРІН

ІШКІ НАРЫҚТАН ҚАЛАЙ ЫҒЫСТЫРЫП ЖАТЫР?



қоғамдастығының сертификатын атап өткен жөн.

ӨНДІРІС ҚУАТЫ АРТАДЫ

Жоба іске асқан жағдайда, зауыттың өндірістік қуаты 2,5 есеге дейін ұлғайып, жылына шығарылатын өнім көлемі 20 мың тоннаға дейін өседі деп күтілуде. Бұдан бөлек, мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші компаниялар үшін жаңа өнім түрлері шығарылмақ. Сонда халықаралық ANSI, API, ASME стандарттарына жауап беретін ауыр көлемді және орта салмақты өнімдер, бөлгіш колонналар, реакторлар, буллиттер, технологиялық модульдер, жылу алмастырғыш құрылғылар, мырышпен қапталған тоттанбайтын металл өнімдер де енді Атырау зауытынан отандық компанияларға тарайтын болады.



Жұмыс процесін барынша автоматтандыруға бағытталған зауыттың өндірістік цехтары Continental Flanges and Fittings S.p.A. EUROLLS SPA (Италия), «CLIFFORD MACHINES AND TECHNOLOGY (PTY) LTD» (Оңтүстік Африка Республикасы), Maschinen Wagner Werkzeugmaschinen GmbH, AM Engineering&Management GmbH (Германия) және Western Technologies Inc (АҚШ) компанияларының жоғары технологиялық құралдарымен жабдықталған.

Мұндай сепараторлар Қазақстанда тұңғыш рет жасалып отыр.

Сергей ШВЕЦОВ, *дәнекерлеуші:*

УАҚЫТ ҮНЕМДЕЛДІ

Қазір екі метрлік тігісті жасап шығаруға небары 90 секунд жұмсалды. Бұрын мұндай тігіс жасауға уақытымызды жеті есе көп жұмсайтынбыз. Енді бізде тағы да жаңашыл өндірістер іске қосылды.

«**Биыл ғана Атырау машина жасау зауыты Қазақстан Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының «Ең үздік индустриалдық жоба» номинациясын жеңіп алды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев сыйлықты кәсіпорынның құрылтайшы-бас директоры, Сағат Түгелбаевқа табыс етті. Мұнай-газ саласын қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп отырған зауыт Қазақстандағы осы салаға маманданған ең бірегей кәсіпорын болып табылады.**

кәсіпорынның екі жаңа өндірісті бастағанын айтады. Бұл жерде өңгіме ыстық мырыштау, сондай ақ ұсталық пресс бұйымдары бойынша цех туралы болып отыр. Бүгін Атырау зауыты әлемдік нарықтағы Еуропа мен АҚШ компанияларымен сенімді бәсекелесе алады. Егер осыған дейін күрделі және қымбат жабдықтарға көптеген компаниялар шетелдік жеткізушілерге тапсырыс беріп келсе, қазір нарықты отандық өндірушілер бағындыра бастады.

Қазақстан даму банкінің басқарма төрағасы Болат Жәмішев отандық кәсіпорындарға тәжірибесін үлгі еткен Атырау машина жасау зауыты жақында өндірісті одан әрі кеңейту мақсатында 10, 6 миллиард теңге көлемінде несие алды. Несиені түгелдей өтеу мерзімін он төрт жылға рәсімдеген Қазақстан даму банкі компанияның қаржылық жағдайы несиелендіру талаптарына сай екенін айтады. Жалпы зауыттың өнімділігін арттыруға бағытталған жоба құны 15, 3 миллиард теңгеге бағаланып отыр.

Күні бүгінде зауыт Теңіз, Қарашығанак кәсіпорындарына, Атырау, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттарына құрал-жабдықтар жеткізумен айналысып отырған



Зауытта бүгінде қалыңдығы 70 мм болатын болат жаймалардан қазандар құрастырылады. Айта кеткен жөн, мұнда құрастырылатын әрбір сепаратордың диаметрі 16, ұзындығы 100 метр, ал салмағы 1100 тоннаға жетеді екен.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТҚА САЙ

Атырау машина жасау зауытының құрылтайшысы — бас директор Сағат Түгелбаев

кәсіпорын ағымдағы жылдың аяғына дейін машина құрылысына қажетті өнімдер өндірісін 4700 тоннаға жеткізуді көздеуде. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, өндіріс көлемі 60 пайызға дейін артады деген сөз. Компания құрылтайшысы-бас директор Сағат Түгелбаевтың айтуынша, зауыт жеткізіп отырған өнімдер халықаралық стандарттарға толық жауап береді. Соның ішінде АСМЕ, яғни инженер-механиктердің американдық

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы

«Болашақтың энергиясы». Ел жүрегі Астана төрінде осындай тақырыппен өткен EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі баламалы қуат тақырыбындағы ғылыми ізденістерге жол ашты. Нәтижесінде көптеген жаңашыл жобалар өмірге келді. Соның бірі — смартфонға күн энергиясымен қуат беретін қондырғы. Қазақстандағы баламасы жоқ инновациялық жоба — Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде іске қосылды.

Гаджеттерді сымсыз қуаттау стансасы қазір университет базасындағы ең көп сұранысқа ие алаңға айналды. Күрке айналмалы шатыр арқылы жұмыс істейді. Университеттің медиа-қызмет орталығының хабарлауынша, күрке — күні бойы күннің көзін қадағалайды. Соның нәтижесінде ол энергияны өз бойына жинақтайды. Осындай қарапайым ғана процестің нәтижесінде тәуліктің түнгі мезгілдерінде де гаджетті сымсыз қуаттай аласыз.

Осылайша, университет пен TEKSAN Kazakhstan Invest компаниясының бірлескен ғылыми жобасы электр энергияларын берудің қолданыстағы жүйесіне

ЖОБА ЖАҒАЛЫҒЫ:

Шатырға диск орналастырылған. Диск құрылғыға күнді бақылауға мүмкіндік береді. Қуат күн көзінен өндіріледі. Диск жылжымалы үш дөңгелекпен жабдықталған. Арнайы электрлі қозғалтқыштар аталған жүйенің қозғалысын қамтамасыз етеді. Өндірілген күн энергиясын тиімді пайдалану үшін арнайы батареялар қолданылады.

компаниясының жоғары сапалы елуге жуық мекеме бар. Барлығымыз бірігіп қор аштық. Мақсатымыз — жобаларымызды сәтті іске қосып, қуат өндіру. Қазіргі таңда мемлекетпен арала келіссөздер жүріп жатыр» деп сөзін қорытындылады «Экопротек-Құлсары» компаниясының директоры Асқар Секербаев.

жарнамалаған болатын. Технологиялық өрлеу жаңалықтарының өз өлкемізде де еш кедергісіз іске қосылып жатқандығы қуантады. Айта кетелік, гаджеттерді сымсыз қуаттау стансасы, яғни айналмалы шатыр жобасы — EXPO көрмесіне Атыраудан ұсынылған технологиялық жаңалықтардың бірі.

КҮННЕН ҚУАТ ӨНДІРГЕН

Жылыой ауданына қарасты Құлсары қаласында күннен қуат өндіретін станса іске қосылды. Энергияны баламалы қуат көзінен алатын «жасыл» жоба туралы идея авторы, «Экопротек-Құлсары» компаниясының директоры Асқар Секербаев әңгімелеп берді.

ГАДЖЕТТІ СЫМСЫЗ ҚУАТТАЙДЫ



жүктемені төмендетуге, сонымен қатар жүктемеге байланысты ток беру желілеріндегі шығындарды азайтуға жол ашып отыр. TEKSAN

«Қазіргі таңда станса құрылысы үшін Құлсары қаласынан 20 гектар жер аумағы бөлінді. Жоба-металдық құжаттар әзірленді. Басты инвестор — германиялық компания. Жобаның барлық шығынын да осы инвестор көтермек. Техникалық мәселелер реттелгеннен кейін, құрылыс басталады деп күтілуде. Күн панельдері, жалпы құрылыс материалдарының барлығы Астанадан әкелінеді. Құрылыс жұмыстарына 150 адам тартылады. Тұрақты жұмысқа он бес адамды алу көзделіп отыр. Инвестор мамандарды арнайы оқу курсыннан өткізеді. Операторлардың жалақысы 150 мың теңгеден жоғары болады деп күтілуде. Станса қуаты сағатына 10 мегаваттқа дейін энергия өндіруге шақталған», — дейді «Экопротек-Құлсары» компаниясының директоры Асқар Секербаев.

Десе де, қазір жалпы құны 25 мың АҚШ долларына бағаланған жобаға қатысты бірнеше түйткіл бар. «Негізгі проблема заңнамаға байланысты болып отыр. Аталған жобаны қолға алған кезде үкіметтің №43-ші қаулысы болды. Оған сәйкес, Қазақстан жерінде инновациялық бастама, соның ішінде баламалы елуге жүық мекеме бар. Барлығымыз бірігіп қор аштық. Мақсатымыз — жобаларымызды сәтті іске қосып, қуат өндіру. Қазіргі таңда мемлекетпен арала келіссөздер жүріп жатыр» деп сөзін қорытындылады «Экопротек-Құлсары» компаниясының директоры Асқар Секербаев.


Бетті дайындаған Баян ЖАНУЗАКОВА,
Атырау облысы

Кәсіп түбі нәсіп

Төлеухан Ромбай 2007 жылы ұлы көшке ілесіп, ел шетіне ілікті. Қияндағы Монғолиядан. Алғашқы бетте тосырмағаны да, жатырмағаны да рас. Көңілін алаңдатқан жай, ендігі арада күн көрісін айыратын бір кәсіптің жалына жармасу. Қолынан не келетіні өзіне мәлім. Қабырғасымен кенесіп, әрі ойыланды, бері ойыланды. Кей-кейде үйдегі ойды базардағы нарықтын да бұзары бар. Кез келген кәсіпті бастап кету үшін қомақты қаражат қажет. Бола қойса жақсы. Болмаса, қарыз сұрап кімге барарсың. Арманының жүзеге асар тұсында демеудің несиеде екенін ұққан. Айтқандай несие демекші, қазір елімізде бір терінің пұшпағын иілеймін деген адамға көп-көрім көмек көрсетіледі екен. Көп-көрім дегеніміздің өзі нақты сипатын бере алмауы мүмкін. Тіптен мол. Санап көрейік, «Құлан», «Алтын асық» дейсіз бе, толып жатыр. Тек белді бекем буу керек.


Төлеуханның қолдан келері, мал шаруашылығы. Ата-баба кәсібі. Бастапқыда шағын жылқы фермасын ұйымдастырды. Ел ділгір болып отырған соң қасапхана салды. Бұған мал әр үйдің ауласында, тіпті қоранын ішінде сойыла беретін. Жаңа заманның жосығы өзгеше. Ендігі арада жұрт өнімнің сапасына, етінің тазалығына титтей күмән келтірмеу үшін маңдай етің төгіліп жүріп өсірген малды арнайы жабылған қасапханада жұмсаған абзал. Әрі тазалық, әрі аузынан үріп өсірген ақ адал малдың обал-сауабы бар дегендей.

Аялы Атамекен. Бағзы заманда азуын айға білеген аруақты ата-бабасының кіндік қаны тамған жер қашанда болсын көкірегіңдегі сағыныш отын лаулата маздап, қолампаның шоғыңдай қыздырып жүретін. Жалғыз өзінің ғана емес, бір кезде тағдырдың төлкегімен төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен бар қазақтың бойында дәл осындай сезім болған-ақ шығар.



ЖАҢА ӨРІС

«Жалғыздың үні, жаяудың шаңы» шықпасы белгілі. Әйтеуір, қолдап-қоштайтын, көмек қолын созатын жұрағат бар еді. Көмек қол болғанда да қуатты қол. Алдымен зайыбы Мақтагүл Жапар, одан кейін Алмагүл Қуанхан, Қуаныш Айдынбек тәрізді сауыншылар үн қосты.



Тізе қоса қимылдап, қолға алған істің екпіні тау шығарлықтай еді. Содан бері жылыстап бес жыл өтті. Қымыз баптауды қолға алды. Ілкідегі қазақ ағарған сатуды айып санаса да, замананың талабы солай. Ендігі арада қолы қимылдағанның ғана аузы қимылдайтынын ұққан бұлар өздеріне ежелден таныс қымыз баптауға шебер-ақ еді. Оның да өз ыңғайы бар. Бие саууды Монғолия казактары өзгеше өнер санайтын. Сол өнердің шымшымдап, тарқатып айтқанда, бір парасы мынадай.

Жарықтық жылқы малының алпыс екі тамырын идіріп, тас емшегін жібітіп шығатын сүттің құнары, құрамы, адам ағзасы үшін қаншалықты пайдалы екендігін күнделікті қарапайым тіршілікте де, жөпшенді адамның миы жетпес ғылымда да айқын дәлелденген. Әжелері биені идіргеннен кейін бір қолымен оң жақ санының алдынан, екінші қолымен сол жақ санының артынан құшақтап отырып сауатын. Таудай бие теуіп қалады-ау деп қорқып, үрікпейтін. Қашан да сезімтал

деп емес, айрықша бітімді, көшпелі халықтардың ғана маңдайына жазылған өнер деп ұғынуымыз керек. Өрістен келген биелердің жалынын тарап, сылап-сипап, еркелетіп жататын. Төрт түліктің төресі — жылқы малы да өзін жақсы көрген, аялап-әлпештеген адамды ұнатады. Тансәріден келетін жылқы үйірін жүген-ноқтасын ұстап, алдынан шығып тосатын.

Қымыз көпшіліктің асы болатын. Бие байлаған үй несібесін көпшілікпен бөлісіп ішетін. Көрші-қолан, ағайын-туыс бір-бірін биені байлап, қашан ағытқанша дейін сыбағасы деп, ақтан ауыз тиініз деп шақырысып жататын. Мұның барлығы ел адамдарының бір-біріне леген кеңқолтық, жомарт пейілі. Дәл бүгінгідей қымыз сатуды ел естіп көрмеген. Қазір жылқы ұстағанымен оның пайдасын өз басына жарата алмай отырғандар көп. Баяғыда Жамбыл атамыз «Ауруға ем, сауға қуат дәрі қымыз» деп тегін айтты дейсіз бе? Ұлттық тағамдардың ішіндегі ең құрметті дастархан мәзірі — осы

қымыз. Әдетте сауылатын биелер сақа бие, қулық бие, қысырақ бие деп үшке бөлінетін. Сақа бие — сан мәрте құлынға, сауға әбден көндіккен, бас білген бие. Қулық — құнажын немесе дөнен кезінде алғаш құлынға бие. Қысырақ бие деп соңынан бытырғы құлыны, қазіргі жабағы еріп жүрген қысыр қалған биені айтады. Тай еміп жүргендіктен қысырақ биелер сауыла береді. Монғолия жерінде шөптің шығымына, малдың күйіне қарай сауылатын сүтті биелерді үйдегі үлкендер іріктеп, тандап, тұқымын үзбей ұстайтын. Құлын байлайтын қазыққа, айырдың жалына май жағып, ырымдаушы еді. Бие байлау мерзімі мамыр айының бас кезінде болатын. Бұл кезде құлындар марқайып, жетіледі. Алғаш рет қымыз ашытарда биенің сүті арнайы ашытқының немесе қордың үстіне құйылатын. Ашытқыны әдетте сүр жаяның, қазының сынық сүйемін салып сүттен, ол болмаса, сүтке нан ашытқысын езіп әзірлейтін. Қор дегеніміздің өзі ескі, бұрынғы қымыз. Қазақта көне заманнан бұрын келе жатқан «қоры үзілмеген» деген астарына көп мағына сиятын сөз тіркесі бар. Бұл арада жалғыз қымыздың қоры айтылмаса керек. Ондағы айтыпқ ойдың ұшығы қорлы, қордалы шанырақ өзінің әрбір ісіне ұқыпты, тыңғылықты отбасы деген ұғымды білдірсе керек-ті. Қордың үзілмеуі күнделікті тіршілікте бір-біріне сабақтасып жататын қат-қабат шаруаның рет-ретімен атқарылуына қажетті тұрмыстық жайлардың өзара жарасым табуы.

Сары қымыз қашан да адам ағзасындағы сан алуан дертке шипа, денеге күш құйтын кастерлі құдіретті тағам болып саналады. Қымыздың ерекше дәмді, айрықша құнарлы, жан сарайыңды ашып, сіңімді келетіндігі жылқы малы жаратылысынан өте кірпіяз. Ол мың сан шөп өсетін жайылымнан тек асылын ғана теріп жейді, суды жалап жүріп, тұнығын ғана ішеді. Осының бәрі айналып келгенде, бие сүтін өзге төрт түлік малдың сүтінен әлдеқайда құнарлы етіп тұрады. Қымыз ішкен адамның бүгінгі тілмен айтқанда, иммунитеті күшейіп, анау-мынау ауруға бой алдыра қоймайды. Көне замандарда қымыздың өзіне тән ыдысы болған. Ол қазақтың құт-берекесі саналатын жылқының терісінен тігілген, иі қанған, қойдың құйрық майымен майланған, қайыңның түтінімен ысталған қара сабасы. Қара саба көзден бұлбұл ұшқалы сары қымыздың сақталатын ыдысы күбіге айналып, қасиеті күбіге ауды.

Төлеухан қымызының дәмі, атак-дақырты төңірекке тегіс жайылды. Енді осымен тоқтап қалмау керек. Өйткені бизнес әлемі мысықтабаңдап алға жылжығанды қалайды. Бизнесіне жаңа өріс іздеген кәсіпкер ауылда тойхана салуға бекінді. Асылында қазір зауыт, цех салғаннан, тойхана салған әлдеқайда пайдалы. Ел ішінде не көп, той-томалақ көп. Әуелі ауыл ішіндегі ыңғайлы, бос жатқан жерді заңдастырып алды. 2016 жылы ақсақалдардың батасын алып, іске кірісті. Ауылдастары да құрылыс жұмысына қолғабысын тигізді. Ішкі бөлмелері заман талабына сай әрлендірілді.

Сөйтіп, көркі көз тартатын ғимарат еңсе көтерді. Халыққа сапалы қызмет көрсете бастады. Жалғыз өзін ғана емес, ауылдағы өзге де бірнеше отбасын асырайтын жұмыс тауып берді. Қазір Төлеухан Ромбай тәуекелдің тулпарына мінгенге тәубе дейді. Бағып отырған үйір-үйір жылқысы, келімді-кетімді кісісі бір арылмайтын тойханасы бар. Қымызына «құда түсіп», телефон шалушылар да ырғын.

Осы бір мысал елде екі қолына бір күрек таба алмай жүрген қарапайым халықтың қулағына жетсе екен дейсін. Бөрінің де еңбекпен келері даусыз. Ал бастапқы қаражат қажет болса, міне, ел осылай несие алып, несібесін молайтып жатқан жоқ па?!

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ерейментау ауданы
Ақмола облысы

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тәлім

Мәселен, жоғары оқу орындарында (ЖОО) оқып жүрген студенттер әскерден бөлек, оқу орнында жүріп-ақ белгілі мерзім аралығында құжат дайындап, арнайы психологиялық емтихан мен нормативтік жаттығу сынағынан өту арқылы әскери кафедраның курсанты атануға толық мүмкіндігі бар. Осы сынақтардан өткен студент ЖОО бойынша аптасына бір күн сабағынан босатылып, әскери кафедрада теориялық біліммен қатар оны тәжірибе жүзінде сынауға тапсырма алып отырады. Әскери кафедраға қабылдау 2-курсан бастап жүргізіліп, кейін оқу бітіргеннен кейін әскери билетпен бірге «запастағы лейтенант» атағы беріледі.

Сондай-ақ 2015 жылғы құжат бойынша әскери кафедраға қыз балаларға да қатысу мүмкіндігі берілді. Аталған жүйе Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде де қарастырылған. 2016-2017 оқу жылында әскери кафедрада 35 взвод жасақталды.

Атап айтсақ, «Мотоатқыштар бөлімшелерін, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік пайдалану» әскери-есептік мамандық бойынша бірінші курста

ӘСКЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

11 взвод, екінші курста 7 взвод. «Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру» әскери-есептік мамандық бойынша бірінші курста 10 взвод, екінші курста 7 взводқа оқу-тәжірибе жұмыстары жасалады.

Сонымен қатар профессорлық-оқытушылар құрамының саны 24 адамды, инженерлік-техникалық құрам 3 адамды, оқу-көмекші құрамның саны 7 адамнан тұрады. Кафедрадағы негізгі оқу жүйесі ресми тілде болып, тәжірибелік жаттығулар мемлекеттік тілде жүргізіліп келеді.

Осы орайда, әскери кафедраның мамандары мен сонда оқып, тәжірибе жинақтап жүрген оқу ордамыздың студенттерінен аталған жүйенің жұмысы мен құрылымы жайлы пікірін білген едік.



Сәкен СЕРДАЛИН, полковник:

БІЗ ТЕОРИЯМЕН ҚАТАР ТӘЖІРИБЕНІ ДЕ ШЫҢДАЙМЫЗ

Бізге студенттердің теориялық білімімен қатар тәжірибе жүзінде де өз шеберлігін дәлелдеуге арналған оқу-жаттығулары жүргізіліп тұрады. Мәселен, 2017 жылғы 17-21 сәуір аралығында әскери кафедраның сабақ кестесіне сәйкес, «Жауынгерлік машиналарды жүргізу» жөнінде техникалық дайындық бойынша жаяу әскер машиналарын жүргізу тренажерінде сабақ жүргіздік. Айта кетейік, осы жылдың 14 мамырында Л.Н.Гумилев атындағы

Әр азаматтың бойынан адамгершілік, қайсарлық, қайырымдылық тәрізді тұлғалық қасиеттермен қатар өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімі де табылуы тиіс. Ол, әрине, отбасындағы ата-анасын сүю, бауырларына қамқор болу сияқты құндылықтан бастау алып, мектеп қабырғасында берілетін рухани-патриоттық тәрбиемен ұштасып жататыны анық. Ал одан кейінгі кезең адам бойындағы нағыз рухани қасиеттердің пісіп-жетілетін, бір орнаға түсетін шағына сәйкес келгендіктен, әр-азаматтардың мойынында – Отан алдындағы борышын өтеу сынды жауапты сөт тұрады. Қазіргі таңда азаматтық міндетті атқарудың түрлі жолы қарастырылған.

ЕҰУ әскери кафедрасының 256 курсанты әскери ант қабылдады.

Жанна НАҒҰМАНОВА, құқықтық тәрбие жұмысы бойынша аға оқытушы:

СТУДЕНТ ОФИЦЕР ШЕНІН АЛАДЫ

Әскери кафедра болашақ офицерді дайындау бағдарламасына арналған. Бұл — ЖОО-да тәлім алатын студент үшін қосымша білім. Біздегі 250-ден астам студент әскери оқу мамандығының екі түрін менгеріп шығады. Ал сабақ барысына кафедраның басқарушы құрамы ұдайы бақылау жүргізсе, профессор-оқытушылар жүйелі түрде сынақтық емтихандарды қабылдап отырады.

Сондай-ақ, әскери кафедра мен университетті сәтті бітірген студент офицер шенін иеленуге мүмкіндік алады.



Тұрсынбек ЖҰМАСАТ, әлеуметтік ғылымдар факультетінің 3-курс студенті: Ең әуелі, біз кафедрада әскери тәртіпке бағынуды, Ата заңымызды сыйлауды үйренеміз. Екіншіден, қару-жарақтардың құрылымымен, әскери техникамен жігі танысамыз. Ал үшіншіден, соғыс жағдайында тойтарыс беру тәсілін меңгереміз. Сонымен қатар әскери кафедрадағы әр курсант өзін бағыл да батыр сезініп қана қоймай, Отанының алдында азаматтық борышын өтеп жүргенін мақтан тұтады. Кафедраның алдында қазақ қаһармандарының суретінің ілініп тұруы да жас жігіттердің бойына рух береді деп ойлаймын.

Әсия СЕЙІТАЛИЕВА, Журналистика және саясаттану факультетінің 3-курс студенті: Мен университетіміздің әскери кафедрасында екінші жыл қатарынан оқып жатырмын. Көп адам мұны нәзік жанларға лайық іс емес деп санаса да, қазіргі уақытта қыз-келіншектер әлем елдері әскерінің негізгі бөлігін құрайды. Демек, біз де әр-азаматтармен тең дәрежеде әскери істі меңгеріп, абыроймен атқара аламыз. Сонымен қатар біз

өзімізді ғана емес, Отанымызды, туған жерімізді үлкен жауапкершілікпен қорғай алатынымызды дәлелдегіміз келеді.

Қорыта айтқанда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Патриот болу — өз Отандың шын жүректен сүю, өзіне және өз халқына сеніп, қоғамға қызмет ету» — деген сөзі қазіргі әскери тәрбиенің негізгі мақсатын айқындап берсе керек. Қазақ жастарының өзін рухани, тұлғалық жағынан жақсы қалыптастырып, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін арттыруда әскери кафедраның да алатын орны зор.

Әсем ҚҰЛМАНОВА,
Астана

Борыш

Әскерге бару — көз көлген ер-азаматтың Отан алдындағы парызы, борышы. Ақмола облысында әскерге шақырудың күзгі науқаны басталауда.

Облыстың Қорғаныс істері жөніндегі департаменті жергілікті атқарушы және денсаулық сақтау, білім, ішкі істер, ардагерлерлер ұйымы секілді мекемелермен бірлесіп, әскерге шақыру науқанын абыройлы атқармақ. Департамент әскери-патриоттық тәрбие, азаматтарды әскери қызметке дайындау, Қарулы Күштердің беделін арттыру мақсатында шақыруға дейінгі және шақырылатын азаматтардың әскери-кәсіби бағытын анықтау, азаматтарды шақыру бөлімдеріне тіркеу, олардың тізімін жүргізу және мерзімді әскери қызметке шақыру міндетін жүзеге асыруда. Мұндағы ең маңызды да басты міндеттің бірі — азаматтарды мерзімді әскери қызметке аттандыру.

Өңірде әскер қатарына жасы жеткен азаматтарды әскерге шақыру жұмысы ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің дәрежесі туралы» Заңына, үкімет, облыс, қала және аудан әкімдері қабылдаған қаулыларға сәйкес жүргізілуде. Өткен жылы азаматтарды әскерге шақыру көктем мен күзде өткізіліп, еліміздің әскери бөлімдеріне 37 топ жіберілді. Оның 18-і көктемде, 19-ы күзде аттанған. Көктемгі шақыру кезінде әскери мекемелерден 801 адамға тапсырыс келген. Ал әскерге шақырудың күзгі науқанында облысқа 800-ге жуық адамға сұрау келіп түсті. Бұл жолғы тапсырыс толығымен орындалады.

Бүгінгі күні есепте 30 мыңға жуық адам тұр. Мерзімді әскерге шақырылуы тиіс жастар туралы мәліметті зерттеп-зерделеу және іріктеу қантар мен наурыз айлары аралығында

жүргізілді. 16 наурыздағы жағдай бойынша, комиссия 3482 шақырылушыны тексеріп, олардың тек 1232-сін ғана іріктеп алды. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда.

Жігіттердің әскерге жарамсыз болуына басты себеп — денсаулығының дұрыс болмауы. Мәселен, жастардың көбінде медициналық тексерістен өту кезінде майтабан, әкүрес, көз, жүйке, терапиялық аурулар жиі кездесіп жатады.

ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУ КӨЗІ



Әскерге жүрек қалауымен өздері барғысы келетін азамат көп. Кез келген аурудың өзінің белгілі бір дәрежесіне сай алты ай немесе бір жыл ішінде емделіп, келесі жылы қайта сұрануға болады екен. Соның өзінде олар дәрігерлердің тексеруінен қайта өтеді. Жарамды деп табылса, өзінің Отан алдындағы борышын өтеуге аттануына болады.

Жергілікті атқарушы мекемелер 2017 жылғы әскерге шақыру науқанын қамтамасыз ету үшін 130 миллион теңгеден астам қаржы қарастырған. Көктемгі шақыру бойынша келген тапсырыс — 867 адам.

Департамент мәліметіне сүйенсек, облыстағы шақыру бөлімшелері медициналық құралдармен және керек-жарактармен қамтылған. Дәрігерлермен және тиісті мамандармен қамтамасыз ету жағы да ойдағыдай. Бұл орайда, көз, тері, жүйке жүйесі дәрігерлері мен психиатр мамандарының аса қажеттілік туғызып отырғандығын айта кеткен жөн. Медициналық тексеріс комиссиясы облыс қалалары мен аудандарының қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерінде өткізіледі. Ал облыстық жинақтау және іріктеу облыстық бөлімшеле, яғни Көкшетау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасында өтеді.

Осы күзгі әскерге шақыру жайын қаулап жүргенімізде, ежелден көзтанас азаматқа

жолықтық. Ол — Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Айыртау ауданында тұратын Мұрат Әшірбаев. Тарих пәнінің мұғалімі. Өзінің айтуына қарағанда, кенже ұлы әскер қатарына шақырылып, соның жайымен жүр екен.

— Өзімді Кеңес Одағы кезінде әскери борышымызды өтедік. Ол кезде әскер қатарына ілікпей қалған балалар қатты ұялатын. 1990 жылдардың орта шенінде әскерге бармай қалғанын мақтаныш көретіндер де болды. Қазір шүкір, әскер қатарында қызмет етуге деген ынта жақсы. Мен де балама барып кел деп отырмын. Кейін әскери билеті болмаса, қызметке орналасуы да қиын. Денсаулығы жарамсыз баланы кім жұмысқа ала қойсын. Жалпы Отан алдындағы борышын өтеу — әрбір адамның міндеті. Осы орайда, бір кездегі үзіліп қалған дәстүрлі қайта жаңғырту керек деп ойлаймын. Мысалы, әрбір мектепте батырлар жырын оқытуды қолға алса, бағы замандағы ел қорғаған батырлардың ерлік істері үлгі-өнеге ғой. Сөйтіп, тәрбиенің бастау көзі ашылып, сана да жаңғырап еді.

Шынында да, жас толқынның бойындағы отансүйгіштік сезімді дамыту үшін тәлімді тәрбиенің бастауы сол кезден қолға алынғаны жөн. — Қала баласына қарағанда, ауыл баласының денсаулығы мықты, — дейді дәрігер Бауыржан Қазқеев, — ойткені, олар жастайынан қара жұмыста қайнап піседі. Сүйектерінің мықты болатын себебі, ауылда ақ көп. Атамыз қазақ «сүйегіне сіңген» деген сөз бар. Оның мазмұны мынадай. 15 жасқа дейін ішкен сүт тағамдарының бар дәрумені сүйегіне сінеді. Одан кейін жай ғана ас болады.

Жалғыз асты ғана емес, тәрбиені де сүйегіне сіңірсек қой деп ойладым мен.

Байқал КАЙЫРПЫҰЛЫ,
Көкшетау қаласы



Жас қазақ: Сәлеметсіз бе! Әңгімемізді өзіңізден бастасак. Қазақстанда қашаннан бері тұрасыз? Қазақ тілін қалай үйрендіңіз?

Жоханна Шамшадин: Есімім Жоханна. Атымды өзіммен аттас болсын деп әкем қойған. Әкемнің есімі — Жоан. Анам қазақ. Әкем Оңтүстік Африкадан. Қазақстанның тумасымын. Жамбыл облысында, нағашы ата-әжемнің қолында өстім.

Қазаққа жиенмін. Қазақ тілінде белгілі бір максатта емес, былдырлап тілім шыққаннан бастап сөйледім. Яғни жөргектен білемін десем де болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу кез келген ортада маған ешқандай қиындық тудырған емес. Тіпті кейде өзімнің қазақ емес екенімді ұмытып кететін кездер де болған. «Қазақ емесін» деп айтып қалса, ренжіп қалатын сәттерім де кездеседі. Өйткені нағыз қазақи ортада тәрбие алып, барлық салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен сусындап өстім.

Жас қазақ: Елімізде қазақ тілін үйренгісі келетіндер баршылық. Мамандардан, яғни қазақ тілді мұғалімдерден үйренсе, тіпті қиындатып жіберетінін айтады. Ал сіз тілді үйрену барысында қандай тәсілді ұсынар едіңіз?

Жоханна Шамшадин: Айтарлықтай тәсілі бар деп айта алмас едім. Өйткені, мен таза қазақша сөйлегеніммен, бұл істің маманы емеспін. Ал жеке пікірімді білдірсем, адам қандай да бір тілді үйрену үшін сол ортада өсіп-өнуі керек. Сол ұлттың адамымен қарым-қатынас орнатуы шарт. Қазақ тілінің де өзге тілден үйрену тәсілінен пәлендей айырмашылығы жоқ. Ағылшын тілін үйрену барысында да солай болып жатады емес пе? Мысалы, арнайы ағылшын курсына ағылшындар сабақ берсе, сөйлеуге дағдылану нәтижелі болмақ. Ал үйренгіс келген тілдің ортасына барсаң, тіпті керемет! Онда толықтай үйрену ешқандай қиындық тудырмайды. Сол сияқты менің де бүгінге дейін отбасым, ортам, аралас-құраластарымның барлығы қазақтар. Менің тілді үйренген тәсілім осындай болды. Кез келген іске адам жанымен, бар сүйіспеншілігімен берілуі тиіс. Міне, сонда ғана әр қадамың оң болмақ. Сол сияқты тілге деген құрметін зор болса, оны үйрену, ары қарай дамыту тіптен оңай.

Жас қазақ: Ауылыңызда қазақ мектебіне бардыңыз ба? Жоғары оқу орнында қандай мамандықты алып шықтыңыз? Сіздің телевизия саласында да қызмет атқарғаныңызды жақсы білеміз.

Жоханна Шамшадин: Мен орыс мектебіне бардым. Себебі нағашы атам «Қазақ тілін үйден жетік меңгердің. Ал орыс тілі болашағын үшін қосымша қажет болады» — деп орысша ортаға апарды. Бірақ бұл шешім менің мемлекеттік тілде сөйлеуіме еш кедергі жасамады. Көбісі орыс мектепке барған соң «жұтанданып қалдым» — деп жатады. Ол адамның өзіне байланысты дүние. Кеуден қазақ деп соғып тұрса, шетелде тұрсаң да өз тілінді ұмытпай, керісінше ұлықтайсың. Мамандығым — экономист-есепші. Ал журналистикаға кездейсоқ келдім. Мені 2010 жылы Серік Абас Шах шақырды. Ол кісі сол кезде «Хабар» агенттігінің бас продюсері қызметін атқарған. Маған «Сендей қазақ

Тіл — ұлт тағдыры. Ол әрдайым қай елде, қай жерде болса да қастерлі. Кез келген жаңға ана тілі ана сүтімен, төлім-тәрбиесімен дариды. Иә, ана сүтімен дариды деген соңғы сөздер бүгінгі біздің көйпкерімізге арналып айтылғандай. Өйткені, Жоханна «Әкем өзге ұлттың адамы болғанымен, анам қазақ. Сол себептен менің де жаным түбегейлі қазақ» — деп жауап қатты. Ана тілімізді анасынан үйренген азаматшамен тіліміз жайында терең әңгімелесіп, біраз рухты көтерер сөздермен сусындап қайттық.

тілін еркін әрі таза сөйлейтін, қаншама шалақ сөзділерге үлгі боларлық жастар бізге ауадай қажет» — деп мені телевизия саласына алып келді. Бүгінгі таңдағы жұмысым да журналистикадан алыс емес. Дегенмен эфирге шықпаймын, мақала жазбаймын, көбінесе қағазбен жұмыс істеймін.

Жас қазақ: Алдағы уақытта арнайы қазақ тілін үйрететін курс ашу ойыңызда жоқ па? Білгеніңізді білгендерге үйретіп, бірігіп

Жоханна ШАМШАДИН:

Тілімізді ұмытпай, ұлықтайық!

тіл үйретуді қолға алайық деген ұсыныстар айтылса, қалай қарайсыз?

Жоханна Шамшадин: Бұл жайында ешқашан ойланп көрмеппін. Негізі, жақсы ұсыныс түсіп жатса, қуана қабылдай едім. Себебі, мен арқылы көптеген отандастарымыз қазақ тілін үйренсе, үлкен бақыт. Елге өз пайдамды тигізім деп ауыз толтырып айтар едім. Біз әрдайым мемлекеттік тілімізді бірінші орынға қоюмыз қажет. Тіліміз, діліміз, салт-дәстүрімізбен ғана нағыз қазақпыз.

Жас қазақ: Сіздің қазақша сөйлегеніңізді көрген жұрт таң қалып жататыны анық. Осыған қатысты басыңыздан өткен қызықты оқиғаны айтып берсеңіз.

Жоханна Шамшадин: Күнделікті қызықтар болып жатады. Күніне 2-3 адам менің қазақша сөйлейтініме таң қалады. Жұмысқа бүгін жана жүргізуші келді. Сіз хабарласқан кезде қазақша жауап бергенімде таң қалып «Сіз қазақша сөйлейсіз бе?» — деп риза болды. Көбінесе қоғамдық көлікте қонырауды алмауға тырысамын. Өйткені қазақша сөйлесем, барлығы тесіле қарайды. Сондай кездерде ыңғайсыз жағдайға қалып қаламын.

Жас қазақ: Тілдік қорынызды молайту үшін отбасыңыздағы қарым-қатынас жеткілікті болды ма? Әлде қазақша кітаптар оқыдыңыз ба?

Жоханна Шамшадин: «Абай жолын» қазақша оқуға тырыстым. Бірақ бір ғана томын оқи алдым. Өйткені тілі тым күрделі екен. Алдағы уақытта

Абай бейнесі - Өскемен төрінде

Өскеменде көп қабатты үйдің бір қабырғасына Абай Құнанбаевтың суреті салынды. Абай даңғылының бойындағы орналасқан 9 қабатты баспана осылайша Ұлы ақынымыздың суретімен сән түзеді. Картина «Стринг арт» стилінде салынған.



Авторы Алматы қаласының тұрғыны, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының магистранты — Айбек Нұрбеков. Мұнда Абайдың кітап ұстап тұрған кейпі бейнеленген. Ақынның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген қанатты сөзі жазылған.



қайта қолға алып, оқып бітіремін деп жүрмін. Негізінен үйдегі ата-әжем үлкен кісілер болғандықтан, сөздік қоры мол болды. Олар баяғы сөздерді қолданып сөйлейді. Солардың маған ықпалы молынан тілі деп ойлаймын. Кейде орысша оқимын. Оны түсіну жеңілрек. Дегенмен іштей сол сәтте лезде қазақшаға аударып аламын.



Болашақтың бастауы



9-13 қазан аралығында Павлодар қаласында «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» атты республикалық семинар өтпек. Жоба орыстілді азаматтарға мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған.

Жыныда орыстілді азаматтар арасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі, еліміздегі этностардың бірлігі мен ынтымағының кепілі ретіндегі, қоғамдық көпшілік орындардағы, жас ұрпақ тәрбиесіндегі, патриоттық, ғылым-білім, жана технология саласындағы қызметтері, қазақ тілін латын қарпіне көшірудің маңыздылығы, елді мекендер мен көшелердің идеологиялық тұрғыдан ескірген атауы, олардың тарихи атауын қайтару, сонымен қатар тарихи жер-су атауын, ұлттық танымға жакын дәстүрлі атауды беру және т.б. тақырыптар туралы сөз қозғап, пікір алмасады.

Басқосуға зиялы қауым өкілдері, этномәдени бірлестік мүшелері, орыстілді азаматтар, жұмысшы жастар, жоғары оқу орындарының студенттері қатысады.

ЖОБА

Елімізде мемлекеттік тіліміз көпұлтты біріктіруші рөл атқарса, Қазақстан мен Қытайдың ынтымақтастығын арттыруда байланыстырушы алтын көпірге айналып отыр. Бұл жайында Шанхай шет тілдер университетінде (ШШТУ) қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ашылу салтанатында Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов мәлім етті.



Қытайда да қазақша үйренуде

Бұл жоба Қытайдағы Қазақстан елшілігі мен Шанхай қаласындағы еліміздің Бас консулдығының қолдауымен жүзеге асқан. Салтанатты шараға ҚазҰУ ректоры академик Ғ.Мұтанов бастаған университет делегациясы түгелдей қатысты. Кездесу барысында ШШТУ партиялық комитетінің төрағасы Цзян Фэн жоғары оқу орнында 30 шет тілінде мамандар дайындалатындығын жеткізді. Жана оқу жылынан бастап қазақ тілі оқытыла бастады. Оған қытай студенттері үлкен қызығушылық танытуда. Ол мамандандырылған кафедраны ашуға көрсеткен көмегі мен қолдауы үшін ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов пен

еліміздің дипломатиялық қызметіне алғыс айтты.


Ғ.Мұтанұлы «ҚазҰУ мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қойылған тапсырмаларды жүзеге асыру үшін мақсатты түрде жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ ҚазҰУ қазақ тілінің дамуына ерекше көңіл бөліп, жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігіне



үлкен белсенділікпен еніп келе жатқан оқу орда. Қытайлық ЖОО-лармен әріптестік барысында көптеген жобаларды жүзеге асыру негізгі жоспарда тұр. Солардың бірі ретінде Шанхай шет тілдер университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ашылуын айта аламыз» — деп жана бастамаға қатысты пікірін айтты. Қазақ тілін ҚазҰУ оқытушылары үйрететін болады. Қазіргі таңда «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 13 қытайлық студент білім алуа. Студенттермен кездесу барысында ҚазҰУ ректоры университет туралы, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша тәжірибеден және тілдік тағылымдамадан өту мүмкіндігі жайлы айтып, жастарды қызықтырған сұрақтарға жауап беріп,

оқуда сәттілік тіледі. Бұған қоса, қазақ тілін оқып-үйренуге арналған оқулықты салтанатты түрде табыстады. Қазақстанның жетекші оқу орны — Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықта үлкен тәжірибеге ие. Айта кетерлігі, өткен жылдан бастап ҚазҰУ-дың қолдауымен Бейжің шет тілдер университетінде де қазақ тілі пәні жүргізіле бастаған. Қазақ тілі аталған оқу орнында оқытылатын 73-ші тілге айналды. Шанхай шет тілдер университетінде бірлесе отырып ашылған кафедра белсенді жұмыс істеп, қазақ мәдениеті мен тілінің танылуына, екі елдің көршілік және өзара тиімді қарым-қатынасының нығаюына өз үлесін қосады.

Сапар аясында ҚазҰУ мен ШШТУ ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Ол жоғары білікті мамандарды даярлауға, сондай-ақ ғылыми-білім беру саласындағы ортақ қызмет ауқымын кеңейтуге бағытталған.



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ, —
Астана қаласындағы меншікті тіліші

Әбдіманап КЕҢЕС — жастар және ғылым
Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тіліші

Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Мейішбай СҮМЕСІНОВ — Атырау облысы (8 775 955 77 34)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия palmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2131;
Бағасы келісім бойынша

Айлық тапсырыс — 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.